

«Май ауданы білім беру бөлімі» ММ  
Павлодар облысының білім беру басқармасы, Май ауданы білім беру бөлімінің «Май жалпы орта  
білім беру мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі

**Павлодар облысы білім беру басқармасының, Май  
ауданы білім беру бөлімінің «Май жалпы орта білім  
беру мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің  
2023-2026 оқу жылдарының өзін-өзі бағалау  
қорытындысы**

**Май ауылы, 2025 жыл**

Қазақстан Республикасы Оқу ағарту министрлігі білім саласында сапаны қамтамасыз ету комитетінің Павлодар облысының білім саласында сапаны қамтамасыз ету департаментінің 2024 жылғы 23 қазандағы “2025 жылғы мемлекеттік аттестаттауға жататын Павлодар облысының білім беру ұйымдарының тізбесін бекіту туралы” №425 негізінде және Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 5 желтоқсандағы «Білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттарын бекіту туралы» № 486 бұйрығының негізінде және «Мектептің өзін-өзі бағалауды жүргізу туралы» 2025 жылғы 22 тамыздағы №1-06/88 бұйрығы негізінде мектептің өзін-өзі бағалауы өткізілді.

Өзін-өзі бағалауды сапалы өткізу үшін комиссия құрамы төмендегідей құрылды:

1. Темирова Р.Р.- мектеп директоры, комиссия төрайымы
2. Нургожина А.О - директордың ОІЖ орынбасары, комиссия төрайымының орынбасары;
3. Касимова Ж.Т.- директордың ТДЖ орынбасары, комиссия мүшесі
4. Жанакөва Г.Е. -мектеп психологі, комиссия мүшесі
5. Рахимбекова Ж.К.-кәсіподақ төрайымы, комиссия мүшесі
6. Егинбаева М.С.-шағын орталық тәрбиешісі, комиссия мүшесі
7. Тусупбаев М.И.-ақпараттандыру ісі жөніндегі орынбасары, комиссия мүшесі

Комиссиямен бағалау өлшемшарттарымен, Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің білім саласында сапаны қамтамасыз ету комитетінің 2023 жылғы 27 ақпандағы «Білім беру ұйымдарының өзін-өзі бағалауын ұйымдастыру және өткізу жөніндегі әдістемелік ұсынымдарын бекіту туралы» № 12 бұйрығымен бекітілген бірыңғай тәсілмен ұсынылған өзін-өзі бағалаудың бағыттары іске асырылды.

### **Білім беру ұйымы туралы жалпы мәлімет**

#### **Білім беру ұйымының толық атауы.**

Павлодар облысының білім беру басқармасы, Май ауданы білім беру бөлімінің «Май жалпы орта білім беру мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі.

**Білім беру ұйымының орналасқан жері (заңды мекен-жайы және нақты орналасқан жері):** Қазақстан Республикасы, Павлодар облысы, 140802, Май ауданы, Май ауылы, Школьная көшесі, 7 ғимарат.

#### **Заңды тұлғаның байланыс деректері(телефон, электрондық поштасы, web-сайт).**

Байланыс телефоны: 8(71838) 41-250, электронды пошта – [maiom@mairaiio.gov.kz](mailto:maiom@mairaiio.gov.kz), web-сайт

**Заңды тұлға өкілінің байланыс деректері (басшының Т.А.Ә, лауазымға тағайындау туралы бұйрығы):** мектеп директорының міндетін атқарушы Нургожина Айгуль Олжабаевна, Май ауданының білім беру бөлімінің 2025 жылдың 04 маусымындағы № 1-09/41 ж/қ бұйрығымен уақытша тағайындалды, байланыс телефоны: 87762538231.

#### **Құқық белгілейтін және құрылтай құжаттары:**

Заңды тұлға мемлекеттік қайта тіркеу туралы анықтамасы 2021 жылғы 123 қаңтарда берілді (алғашқы тіркеу күні 1999 жылғы 31 наурыз). Бизнес-сәйкестендіру (БСН) нөмірі 990340006251. Құрылтайшысы: «Павлодар облысы әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі «Павлодар облысы білім беру басқармасының, Май ауданы білім беру бөлімінің «Май жалпы орта білім беру мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің Жарғысы Павлодар облысының қаржы басқармасының 2021 жылғы 05 қаңтардағы №1 бұйрығымен бекітілді және 2021 жылғы 13 қаңтарда Ақсу қаласының ауданаралық әділет басқармасының заңды тұлғаны қайта мемлекеттік тіркеуінен өткізілді (тіркеу ісі 604-1145-14-ММ). Алғашқы тіркеу күні: 1999 жылғы 31 наурыз.

**Рұқсат беру құжаттары (білім беру қызметіне лицензия және оған қосымша және (немесе) мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту саласындағы қызметтің басталғаны туралы хабарламаны жіберу туралы талон).**

«ҚР БЖҒМ Білім және ғылым саласында сапаны қамтамасыз ету комитетінің Павлодар облысының білім саласында сапаны қамтамасыз ету департаментінің» ММ 2021 жылғы 20 ақпандағы бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім беру қызметімен айналысуға № KZ91LAA00024365 лицензиясы, оның № 003 қосымшасы және мектепке дейінгі тәрбие және оқыту саласындағы қызметті жүзеге асырудың хабарламаны қабылдау туралы № KZ51RVK00033713 талоны негізінде білім беру қызметімен айналысады (берілген күні: 2021 жылғы 03 наурыз).

Павлодар облысының әкімшілігі. Павлодар облысының денсаулық сақтау басқармасының 2018 жылғы 20 желтоқсандағы № 18022789 сериялы медициналық қызметпен айналысуға мемлекеттік лицензия және оған № 046 қосымшасы.

Тұрақты жер пайдалану құқығын беретін АКТ № 0180597. 11.02.2011жыл. Жер учаскесінің, кадастрлық номері 14-210-142-228. Жер учаскесінің көлемі – 2,4949 га. ҚР Әділет министрлігі Тіркеу қызметі комитеті «Павлодар облысы бойынша жылжымайтын мүлік жөніндегі орталық» РМҚК «Тіркелетін жылжымайтын мүлік объектілерінің Техникалық паспорты (Ф–2)» 21.07.2021 жылы жасалған. Кадастрлық нөмері: 14:210:142:228:1/А. Түгендеу нөмері: 08/671409/5225. Сериясы, жобаның түрі: А. Қабат саны: 3, құрылыс ауданы: 1514, ғимараттың көлемі: 18168, жалпы ауданы: 3194,3

### Мектеп әкімшілігі туралы мәлімет

№	Аты-жөні	Лауазымы, бірлік	білімі	Жалпы еңбек өтілі	Басшы ретінде еңбек өтілі	Басшы біліктілік санаты	Біліктілігін арттыру курсы (күні, орны)
1	Нургожина Айгуль Олжабаевна	Мектеп директорының міндетін атқарушы 1 бірлік	жоғары	29 жыл	15 жыл	жоқ	2025 жыл ПШО
2	Ильязова Айгерым Сериккалиевна	Мектеп директорының оқу ісі жөніндегі орынбасары 0,5 бірлік	жоғары	16 жыл	4 жыл	жоқ	жоқ
3	Касимова Жанар Толеугалиевна	Мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары 0,5 бірлік	жоғары	16 жыл	3 жыл	жоқ	2025 жыл ПШО
4	Тусупбаев Марат Ильяшевич	Мектеп директорының ақпараттандыру ісі жөніндегі орынбасары 0,5 бірлік	жоғары	20 жыл	3 жыл	жоқ	2025 жыл ПШО

Мектеп әкімшілігінің орындары тұрақты, біліктілік санаттары 100%, біліктілігін арттыру курстарынан өткен.

### Мектеп туралы ақпарат

Мектептің оқу-тәрбие қызметі Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңына, Қазақстан Республикасының Еңбек Кодексіне, білім беруді дамытудың мемлекеттік бағдарламасына, мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарына, педагог қызметкерлерінің аттестаттау ережелеріне, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым

министрлігінің нұсқау хаттары мен бұйрықтарына, мектептің үлгілік ережелеріне сәйкес қызмет атқарып келеді.

Мектеп МЖМБС жүзеге асыру жағдайында педагогтың педагогикалық шеберлігін жетілдіру және бала тұлғасын дамытуға бағытталған нәтижелі педагогикалық технологияларды енгізу арқылы сапалы білім беру нәтижелеріне қол жеткізуге бағытталған мектептің тұрақты дамуын қамтамасыз ету.

Май ЖОББМ шағын жинақталған мектеп қатарында қызмет атқарып жатыр. Мектепте оқыту тілі қазақша. 5 күндік оқу аптасымен бір ауысымда жұмыс істейді. Оқу процесі 8-30 басталып 14-35 аяқталады. Мектеп құрылымында мектеп жанындағы мектепке дейінгі шағын-орталық пен мектепалды сыныбы қызмет атқарады.

2025 – 2026 оқу жылындағы оқу-тәрбие саласындағы мектептің мәселесі:

«Жеке тұлғаның функционалдық сауаттылығын арттыру-заман талабы»

- Мектеп оқушыларының функционалдық сауаттылығын дамыту үшін жағдай жасау;
- жеке тұлғаны қалыптастыру үшін мектептің педагогика-психологиялық кеңістігінде баланың шығармашылық және интеллектуалдық потенциалының дамуына ықпал жасау;
- жеке тұлғаға бағытталған мектептің оқу-тәрбие үрдісінде жаңа технологиялар мен әдістерді бейімдеу және енгізу;
- баланы жан-жақты мәдениетті, қазақ халық педагогикасы қағидаларына бағыттап, алдыңғы қатарлы жеке тұлға ретінде тәрбиелеу;
- ақпараттандыру құралдарын кеңінен қолдану;

Іс жүргізу үшін мектеп директоры бекіткен және аудандық білім бөлімімен келісілген істер номенклатурасы, штаттық кесте, мұғалімдер мен қызметкерлердің жеке істері, еңбек кітапшалары, еңбек келісім-шарттары, мұғалімдер мен қызметкерлердің лауазымдық нұсқаулықтары, жеке құрам бойынша бұйрық кітапшалары бар.

Жалпы білім беру мәселесі бойынша алфавиттік кітап, оқушылардың қозғалысы туралы бұйрық кітабы, мектепке келу, мектептен кету талондары, оқушылардың жеке істері, есеп карточкалары, негізгі орта мектеп курсы аяқтау туралы куәліктерді есепке алу және беру кітаптары, жалпы орта мектеп курсы бітіргені туралы аттестаттарды есепке алу және беру кітаптары бар. Бұл құжаттар Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 6 сәуірдегі «Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту, орта, арнаулы, қосымша, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарының педагогтері жүргізу үшін міндетті құжаттардың тізбесін және олардың нысандарын бекіту туралы» № 130 бұйрығының талаптарына сәйкес жүргізіледі.

Мектеп әкімшілігі мектеп оқушыларын есепке алуды ұйымдастыру талаптарының сақталуы, мектеп оқушыларының оқумен қамтылуы мәселелерін үнемі қадағалап отырады. Оқуға қабылдау туралы бұйрықтардың уақытылы берілуі қамтамасыз етілген. Барлық білім алушылардың жеке істері мен медициналық құжаттары бар.

Даму бағдарламасы аясындағы жұмыс барысында мектептің инновациялық қызметінің негізгі бағыттары айқындалды. Педагогикалық ұжым инновациялық қызметті дамудың негізгі тетігі ретінде қарастырады, оны оқу тәжірибесіне енгізілген жаңалықтарды жүзеге асырудың, менгерудің, иеленудің мақсатты процесі ретінде анықтайды.

Май ЖОББМ өзі-өзі бағалау бойынша 2023-2026 жылдар арлығында атқарылған қызметтерге сандық және сапалық көрсеткіштеріне толық талдау төмендегідей анықтама беріледі.

### **Оқыту нәтижесіне бағытталған мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мазмұны.**

Мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқыту білім беру жүйесінің бірінші деңгейі ретінде отбасында немесе бір жастан бастап бірінші сыныпқа қабылданғанға дейін меншік нысанына қарамастан мектепке дейінгі ұйымдарда; бес жастан бастап балаларды жалпы білім беретін мектептердің мектепалды сыныптарында жүзеге асырылады.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 12 қазандағы "Білімді ұлт" сапалы білім беру" ұлттық жобасын бекіту туралы» № 726 қаулысының 1-бағыты « Мектепке дейінгі тәрбие

мен оқыту» міндеттері: мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың қолжетімділігін және сапасын қамтамасыз ету, балаларды сапалы мектепке дейінгі тәрбиемен және оқытумен қамту.

Мектепке дейінгі кезең – мектепке дайындық сатысы, баланың өмірлік маңызды дағдыларын дамыту кезеңі. Демек, бала өміріндегі мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқыту тәсілінің ұйымдастырылған оқу қызметінен баланың жеке ерекшеліктері мен қажеттіліктерін ескере отырып, әр баланың әлеуетін барынша дамытуға жағдай жасауға қарай өзгеруі тиіс.

Мектепте 2023-2026 жылдарында МАД сыныптары болды.

Оқу жылдары	МАД сыныптар саны	Оқушылар саны	Оқыту тілі
2023-2024	1	5	Қазақша
2024-2025	1	6	Қазақша
2025-2026	0	0	0

Мектепалды даярлық сыныбының жас ерекшеліктері мен дайындық көрсеткіштері.

Оқу жылдары	Баланың жасы		Баланың дайындық деңгейі		Барлығы
	5 жас	6 жас	балабақшада	үйде	
2023-2024	5	0	5	0	5
2024-2025	4	2	6	0	6
2025-2026	0	0	0	0	0

Кентүбек селолық округінде «Қарлығаш» сәбилер бақшасы орналасқан. 3 жылдық көрсеткіші бойынша мектепке дайындық деңгейі артуда. Балалардың үйде тәрбиеленуі көбінесе көшіп-қоныс аударғандар отбасынан байқалды (Оңтүстік өңірден).

Оқу жылдары	Жыл басындағы балалар саны	кеткені	келгені	Жыл соңындағы балалар саны
2023-2024	5	2	0	3
2024-2025	6	1	1	6
2025-2026	0	0	0	0

#### Мектепке дейінгі оқыту мен тәрбиелеудің базалық деңгейі

Оқу жылдары	Мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты	Үлгілік оқу жоспары	Үлгілік оқу бағдарламалары
2023-2024	Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 604 бұйрығы	ҚР БҒМ 2012 жылғы 12 желтоқсандағы № 557 бұйрығымен бекітілген (2020 жылғы 12 мамырдағы № 195 бұйрығымен өзгерістер мен толықтырулар енгізілген) 1 қосымшасы	Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің міндетін атқарушының 2016 жылғы 12 тамыздағы № 499 бұйрығы
2024-2025	Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығына 1-қосымша	ҚР БҒМ 2012 жылғы 12 желтоқсандағы № 557 бұйрығы, ҚР ОАМ 2022 жылғы 09 қыркүйектегі №394 бұйрығы; 2025 жылғы 03 ақпаннан бастап ҚР ОАМ 2025 жылғы 16 қаңтардағы № 76 бұйрығы	Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің міндетін атқарушының 2016 жылғы 12 тамыздағы № 499 бұйрығы
2025-2026	-	-	-

Үлгілік оқу бағдарламасының мазмұнын, соның ішінде мектепке дейінгі ұйымның жұмыс бағытын ескере отырып, балаларды қазақ халқының ұлттық құндылықтарына, отбасылық құндылықтарға, патриоттық сезімге, Отанға деген сүйіспеншілікке, мәдени-әлеуметтік нормаларға баулу, қауіпсіз мінез-құлық қағидаларын қалыптастыру бойынша міндеттерді іске асыру үшін күні бойы педагогтің ойын түріндегі түрлі балалар әрекеті (ойын, қимыл, танымдық, шығармашылық, зерттеу, еңбек, дербес) арқылы ұйымдастыратын кіріктірілген сабағы.

Мектеп жасына дейінгі балалардың жас ерекшеліктерін ескере отырып, күні бойы балалардың физикалық белсенділігіне уақыт бөлінеді.

Мемлекеттік тілді меңгерту мақсатында күні бойы режимдік сәттерде Үлгілік оқу бағдарламасында айқындалған сөздік минимумды үйрету, түрлі балалар әрекетінде тәрбиеленушілердің ауызекі байланыстырып сөйлеуін дамыту, сондай-ақ қазақ халқының мәдениетімен, салттары мен дәстүрлерімен таныстыру, белсенді сөздікті байыту, сөздік нормаларды, мәдениетті қарым-қатынасты игерту ұсынылады.

Балалардың жас ерекшеліктерін ескере отырып, күні бойы музыканы тыңдау, ән айту, әндерді жаттату, импровизация, ырғақты-музыкалық қимылдар, шулы балалар аспаптарында ойнау және басқа да музыкалық әрекеттерге уақыт бөлінеді.

Физикалық даму, балалардың коммуникативтік, танымдық, зияткерлік, шығармашылық дағдыларын, зерттеушілік қабілеттерін дамыту, әлеуметтік-эмоционалдық дағдыларын қалыптастыру ұйымдастырылған іс-әрекеттерді кіріктіру арқылы жүзеге асырылады.

Оқу жылдары	2023-2024	2024-2025	2025-2026
Ұйымдастырылған оқу іс –әректің жалпы көлемі	20	20	-
Вариативті компоненті	-	-	-
Барлығы	20	20	-
Ұйымдастырылған оқу іс –әрекетінің ұзақтығы	25-30 мин	25-30 мин	-

Мектепалды даярлық тобында 2023-2024, 2024-2025 оқу жылдарында тәрбиеші Егинбаева Майгуль Сериккалиевна –білімі жоғары, Павлодар педагогикалық университетін 2022 жылы бітіріп, «Мектепке дейінгі тәрбиелеу және оқыту педагогикасы» бакалавры берілді. Жалпы еңбек өтілімі-13жыл, тәрбиеші ретінде 13 жыл, 2024 жылы 19.11-29.11 күндері «Өрлеу» БАҰО-да «Мектепке дейінгі ұйымның және мектепалды сыныптарда заттық-кеңістіктік дамытушы ортаны ұйымдастыру және педагогикалық процестің сапасын қамтамасыз ету» тақырыбында 72 сағаттық біліктілігін арттыру курсы өтті.

МАД педагогтің функцияларына үлгілік оқу жоспарына сәйкес ҰОҚ өткізу, сабақ кестесіне сәйкес перспективалық жоспар және циклограмма құрастыру, режимдік сәттерді ұйымдастырып, өткізеді. Циклограмма әр апта сайын жасалған. Балаларды қабылдаудан бастап, олардың әртүрлі іс-әрекеті (ойын, танымдық, коммуникативті, шығармашылық, эксперименттік, еңбек, қозғалыс және т.б.), серуендеу, күндізгі ұйқы және балалардың үйге кетуі барлық режимдік талаптардың орындалуы қамтамасыз етілген.

Диагностика (бастапқы, аралық және қорытынды) арқылы балалардың біліктері мен дағдыларының дамуын қадағалайды.

Мектеп жасына дейінгі балалардың біліктері мен дағдыларының дамуына мониторинг жүргізу нәтижелелері. Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің балаларды ерте дамыту институты әзірлеген әдістемелік нұсқаулығы бойынша балалардың біліктері мен дағдыларының дамуын бағалау бойынша мониторинг жүргізудің бірыңғай тәсілін қамтамасыз ету. Бақылау парағының төменгі жағында берілген ұяшықта балалар мен педагогтің Үлгілік бағдарламаның күтілетін нәтижесіне жетудің пайыздық көрсеткішін және одан төменде орналасқан жоғары, орташа, төмен ұяшықтарында балалардың біліктер мен дағдыларды игеру деңгейін автоматты түрде есептеп шығарады. Мектеп жасына дейінгі балалардың біліктері мен дағдыларының даму

деңгейін бақылау бойынша индикаторлар жүйесі баланың жасына сәйкес әр білім беру саласы бойынша күтілетін нәтижелерден тұрады.

Оқу жылдары	Тәрбиеленушілер саны	Диагностика			МАД педагогі
		бастапқы	аралық	қорытынды	
2023-2024	5	Жоғары-1 Орташа-4 Төмен-0 100%	Жоғары-2 Орташа-3 Төмен-0 100%	Жоғары-2 Орташа-3 Төмен-0 100%	Егинбаева М.С.
2024-2025 оқу жылы	6	Жоғары-2 Орташа-3 Төмен-0 100%	Жоғары-2 Орташа-3 Төмен-1 83%	Жоғары-2 Орташа-3 Төмен-1 %	Егинбаева М.С.

Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігі балаларды ерте дамыту институты мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік бағдарламасы мазмұнын меңгеру бойынша мониторинг жүргізудің әдістемелік ұсынымдары әзірленді. Осы әдістемелік әзірleme негізінде 2023-2024, 2024-2025 оқу жылдарының мониторингісі жүргізілді.

Оқу жылдары	Тәрбиеленушілер саны	Мониторинг					МАД педагогі
		Физикалық қасиеттерді дамыту	Коммуникативтік дағдыларды дамыту	Танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту	Балалардың шығармашылық дағдылары, зерттеу іс-әрекетін дамыту	Әлеуметтік-эмоционалды дағдыларды қалыптастыру	
2023-2024	<u>бастапқы</u> 5бала	Жоғары-4 Орташа-1 Төмен-0	Жоғары-1 Орташа-4 Төмен-0	Жоғары-2 Орташа-2 Төмен-0	Жоғары-5 Орташа-0 Төмен-0	Жоғары-1 Орташа-4 Төмен-0	Егинбаева М.С.
	<u>аралық</u> 5бала	Жоғары-4 Орташа-1 Төмен-0	Жоғары-1 Орташа-4 Төмен-0	Жоғары-2 Орташа-3 Төмен-0	Жоғары-5 Орташа-0 Төмен-0	Жоғары-1 Орташа-4 Төмен-0	
	<u>қорытынды</u> 5бала	Жоғары-4 Орташа-1 Төмен-0	Жоғары-1 Орташа-4 Төмен-0	Жоғары-2 Орташа-3 Төмен-0	Жоғары-5 Орташа-0 Төмен-0	Жоғары-1 Орташа-4 Төмен-0	
2024-2025	<u>бастапқы</u> 5бала	Жоғары-0 Орташа-5 Төмен-0	Жоғары-2 Орташа-3 Төмен-0	Жоғары-2 Орташа-3 Төмен-0	Жоғары-3 Орташа-2 Төмен-0	Жоғары-2 Орташа-3 Төмен-0	Егинбаева М.С.
	<u>аралық</u> 6 бала	Жоғары-2 Орташа-3 Төмен-1	Жоғары-2 Орташа-3 Төмен-1	Жоғары-2 Орташа-3 Төмен-1	Жоғары-3 Орташа-2 Төмен-1	Жоғары-2 Орташа-3 Төмен-1	
	<u>қорытынды</u> 6бала	Жоғары-3 Орташа-2 Төмен-1	Жоғары-3 Орташа-2 Төмен-1	Жоғары-3 Орташа-2 Төмен-1	Жоғары-3 Орташа-2 Төмен-1	Жоғары-3 Орташа-2 Төмен-1	

Мониторинг нәтижелері бойынша орташа, төмен даму деңгейіндегі балалармен қосымша жеке жұмыс жүргізу жоспарлары іске асырылған. Баланы дамытудың жеке картасында «түзету іс-шаралары» бөлімінде балалармен жұмыс істейтін тәрбиешілер мен пән мамандары мониторинг

деректерінің қорытындысы бойынша баланы одан әрі дамыту жөніндегі іс-шараларды ұйымдастырған.

### Мектепке дейінгі жасындағы ерекше білім беру қажеттілігінің талдауы

Мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуды дамыту мынадай бағыттарының бірі-әр баланың жеке қабілеттері мен қажеттіліктерін ескере отырып, жайлы дамытушы қауіпсіз білім беру ортасын, оның ішінде инклюзивті орта құру.

Оқу жылы	Тәрбиеленушінің аты-жөні	ПМПК өту күні	Қорытындысы	Ұсынымдар	Ескерту
2023-2024	Райзинг Матвей	№426 28.04.2023ж	Нарушение слуха: ребенок с кохлеарным имплантом. Задержка психического развития. Отсутствие речи.	1. Воспитание, обучение по адаптированной (сокращенной) дошкольной программе в общей группе. 2. Специальная поддержка: занятия с психологом детского сада. 3. Коррекционная поддержка в условиях КППК (занятия с дефектологом, логопедом)	Мүгедек туралы анықтама №426 28.04.2023ж
2024-2025	-	-	-	-	-
2025-2026	-	-	-	-	-

ПМПК қорытындысы бойынша олардың сұраныстары мен мүмкіндіктерін ескере отырып, жан-жақты дамуына жағдай жасау, баланың даму деңгейіне қарай бағдарламаларды бейімдеу, таңдап алынған жеке дамыту мен түзеу-дамыту бағдарламаларын және оқыту әдістерін қолдану. Ортаға бейімдеу, әлеуметтендіру, кедергісіз орта құрылды.

### Балалардың дарындылығын ашу

Конкурс атауы	аудандық	облыстық	Тәрбиеші
<b>2023-2024 оқу жылы</b>			
«Шебер қолдар» суреттер мен қолдан жасалған бұйымдар конкурсы	Жұмағазы Нұрмұхаммед I орын Шакенова Медина, Серікқали Іңкәр, Мирфазилова Зейнеп II орын Рыспеков Нурболат, Ерболат Ерали, Жараспай Нурай, Науметов Шамиль III орын		Егинбаева М.С.

2024-2025 оқу жылы			
«Жауқазын олимпиадасы»	Шакенова Медина- III орын		Егинбаева М.С.
«Шебер қолдар» суреттер мен қолдан жасалған бұйымдар конкурсы	Жұмағазы Нұрмұхаммед, Науметов Шамиль, Рыспеков Нұрболат, Виноградов Александр I орын		Егинбаева М.С.
«Мен зерттеушімін» байқауы	Рыспеков Нурболат III орын		Егинбаева М.С.

Әр баланың қабілетіне қарай интеллектуалдық дамуы жеке адамның дарындылығын таныту арқылы түрлі бағыттағы конкурстарға қатыстыру көзделген.

### **Мектепалды даярлық пен бастауыш білім берудің сабақтастығын қамтамасыз ету**

Мектепалды даярлықтың негізгі міндеттерінің бірі мектепте оқу үшін қажетті болашақ бірінші сынып оқушысының тұлғалық қасиеттерін қалыптастыру болып табылады. Буындар арасындағы сабақтастықты нығайту мақсатында 1-сыныпты қабылдайтын пән мұғалімдері балалардан алынған мониторингтерге талдау жасайды, әр түрлі әдістерді қолдана отырып, білімін тексеруге бағытталған тапсырмалар арқылы тексереді.

Мектепалды даярлық топ балаларына жаз айларында «Балақайлар мектебі» оқу курсы ұйымдастырылды. I сыныпқа баратын мектепке дейінгі ұйымдарда «Балақайлар мектебі» арқылы балаларды мектепке дайындау, балалардың жаңа білім беру жағдайларына табысты бейімделуін, ойын әрекетінен оқу әрекетіне біртіндеп көшуін қамтамасыз ету. Балалардың зияткерлік, мотивациялық, эмоционалдық - еріктік дайындығына ықпал ететін және бірінші сынып оқушысының табысты бейімделуін қамтамасыз ететін білім беру ортасын құру мақсатында мектепалды даярлық топ тәрбиешісі Егинбаева М.С. сабақтарын өткізді. Курсқа 5 оқушы қатысты.

### **Пәндік-дамытушылық орта**

Пәндік-дамытушылық ортаны жабдықтау міндеті басты міндеттердің бірі болып қала береді. Оқу кабинетінде пәндік-дамытушылық орта жеткілікті дамытушылық ойындармен, көптеген дидактикалық материалдармен жабдықталған. Коммуникативтік дағдыларды дамытуға арналған оқу және ойын материалдары, сюжеттік-рөлдік ойындарды өткізуге арналған ойын бұрыштары жасалды. Ата-аналарды, демеушілердің қолдауымен әр жыл сайын танымдық және зияткерлік дағдыларды дамытуға арналған ойындармен толықтырылып тұрады. Оқу зонасында жас ерекшеліктеріне сай парталар, орындықтар бар.

Мектепалды даярлық сыныбы өзінің қызметінде «Мектепке дейінгі ұйымдарға және сәбилер үйлеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар» санитариялық қағидалары ҚР Денсаулық сақтау министрінің 2021 жылғы 9 шілдедегі № ҚР ДСМ-59 бұйрығы басшылыққа алынды.

### **Қорытынды:**

Мектепте мектепке дейінгі балаларды оқуға сапалы дайындау үшін қажетті жағдайлар жасалған.

Балалар дауыстап қиялдай алады, дыбыстармен және сөздермен ойнай алады. Олар ауызша сөйлеуді жақсы түсінеді, өз ойын, тілектерін анық жеткізеді. Балалардың жалпы және ұсақ моторикасы дамыған. Балалар әртүрлі іс-әрекеттерде, ересектермен және құрдастарымен қарым-қатынаста мінез-құлықтың әлеуметтік нормалары мен ережелерін, қауіпсіз мінез-құлық ережелерін және жеке бас гигиена ережелерін жақсы меңгерген, қызығушылық танытады, жақын және алыстағы заттар мен құбылыстар туралы сұрақтар қояды, себеп-салдарлық байланыстарға қызығушылық танытады, бақылауға, тәжірибе жасауға бейім.

Балалармен жұмыс істейтін мұғалімдердің кәсіби құзыреттілігі жоғары, кәсіби деңгейін үнемі жетілдіріп отырады, мектепке дейінгі тәрбие әдістерін жетік меңгерген. Оқушылардың ата-аналарымен тығыз байланыс орнатып, жұмыс жасауда.

## **Бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім беру мазмұны**

### **Мектептің жұмыс оқу жоспарлары**

#### **2023-2024 оқу жылы**

#### **1-4-сыныпқа арналған оқу жұмыс жоспары мына құжаттарға әзірленді.**

- 1- Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығына (23.09.2022 ж. № 406 бұйрығымен енгізілген өзгерістерімен) 2-қосымшаға сәйкес «Бастауыш білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты»;
- 2- ҚР Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы ҚР Оқу-ағарту министрінің міндетін атқарушы 2023 жылғы 18 тамыздағы № 264 бұйрығына 1- қосымшасына сәйкес құрастырылды.
- 3- ҚР Оқу-ағарту министрі 2022 жылғы 21 қарашадағы № 467 бұйрығына «Жалпы білім беру ұйымдарына арналған жалпы білім беретін пәндер, таңдау курстары мен факультативтер бойынша үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы» ҚР Оқу-ағарту министрінің 16.09.2022ж. №399 бұйрығымен енгізілген өзгерістерімен оқу бағдарламалары

#### **5-9-сыныпқа арналған оқу жұмыс жоспары мына құжаттарға әзірленді.**

- 1- Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығына (23.09.2022 ж. № 406 бұйрығымен енгізілген өзгерістерімен) 3-қосымшаға сәйкес «Негізгі орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты»;
- 2- Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығымен бекітілген Бастауыш білім берудің үлгілік оқу жоспарлары (Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 12.08.2022 № 365) 6-қосымшасы);
- 3- Үйде оқыту жұмыс жоспары.9-сынып. Негізгі орта және жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарлары Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 12.08.2022 № 365) 55-қосымшасы;
- 4- ҚР Оқу-ағарту министрі 2022 жылғы 21 қарашадағы № 467 бұйрығына «Жалпы білім беру ұйымдарына арналған жалпы білім беретін пәндер, таңдау курстары мен факультативтер бойынша үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы» ҚР Оқу-ағарту министрінің 16.09.2022ж. №399 бұйрығымен енгізілген өзгерістерімен оқу бағдарламалары

#### **10-11-сыныпқа арналған оқу жұмыс жоспары мына құжаттарға әзірленді.**

- 1- Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығына (23.09.2022 ж. № 406 бұйрығымен енгізілген өзгерістерімен) 4-қосымшаға сәйкес «Негізгі орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты»;
- 2- Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығымен бекітілген Бастауыш білім берудің үлгілік оқу жоспарлары (ҚР Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 30 қыркүйектегі № 412 бұйрығы 86 - қосымшасы (жаратылыстану-математикалық бағыт)
- 3- ҚР Оқу-ағарту министрі 2022 жылғы 21 қарашадағы № 467 бұйрығына «Жалпы білім беру ұйымдарына арналған жалпы білім беретін пәндер, таңдау курстары мен факультативтер бойынша үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы» ҚР Оқу-ағарту министрінің 16.09.2022ж. №399 бұйрығымен енгізілген өзгерістерімен оқу бағдарламалары

#### **Вариативтік компонентінің тиімділігі.**

1-4 сыныптарда оқу жоспарының вариативті компонентінің сағаттарын математикалық сауаттылықты, математикалық сөйлеуді дамытуға бағытталған «Математика» пәнін оқуға бөлінді

1-3 сыныптарда «Математика өмірде» 1 сағаттан, 2 және 4сыныптарда «Сиқырлы бояулар» 1 сағаттан берілді.

5-11 сыныптарда вариативтік компонент сағаттары «Жаһандық құзыреттер» курсына оқуға бөлінді: 5-8-сыныптарда 0,5 сағат. Сабақтар екі аптада бір рет өткізілді. 9-11-сыныптарда аптасына 1 сағат өткізілді. 10-сынып «Графика және жобалау» 1 сағат,10-11-сыныптарда «Қызықты химия әлемі» 1-сағаттан өткізілді.

11-сыныпта вариативтік сағаттан «Мамандық әлемі» 1 сағат мектепаралық оқу өндірістік комбинаты арқылы іске асырылады.(негіздеме: Май ауданы әкімдігінің 2019 жылғы 28 қазандағы №284/10 бұйрығы).

## 2024-2025 оқу жылы

### 1-4-сыныпқа арналған оқу жұмыс жоспары мына құжаттарға әзірленді.

1. Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығына (23.09.2022 ж. № 406 бұйрығымен енгізілген өзгерістерімен) 2-қосымшаға сәйкес «Бастауыш білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты»;
2. ҚР Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы ҚР Оқу-ағарту министрінің міндетін атқарушы 2023 жылғы 18 тамыздағы № 264 бұйрығына 1- қосымшасына сәйкес құрастырылды.
3. ҚР Оқу-ағарту министрі 2022 жылғы 21 қарашадағы № 467 бұйрығына «Жалпы білім беру ұйымдарына арналған жалпы білім беретін пәндер, таңдау курстары мен факультативтер бойынша үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы» ҚР Оқу-ағарту министрінің 16.09.2022ж. №399 бұйрығымен енгізілген өзгерістерімен оқу бағдарламалары

### 5-9-сыныпқа арналған оқу жұмыс жоспары мына құжаттарға әзірленді.

1. Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығына (23.09.2022 ж. № 406 бұйрығымен енгізілген өзгерістерімен) 3-қосымшаға сәйкес «Негізгі орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты»;
2. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығымен бекітілген Бастауыш білім берудің үлгілік оқу жоспарлары (Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 12.08.2022 № 365) 6-қосымшасы);
3. ҚР Оқу-ағарту министрі 2022 жылғы 21 қарашадағы № 467 бұйрығына «Жалпы білім беру ұйымдарына арналған жалпы білім беретін пәндер, таңдау курстары мен факультативтер бойынша үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы» ҚР Оқу-ағарту министрінің 16.09.2022ж. №399 бұйрығымен енгізілген өзгерістерімен оқу бағдарламалары

### 11-сыныпқа арналған оқу жұмыс жоспары мына құжаттарға әзірленді.

1. Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығына (23.09.2022 ж. № 406 бұйрығымен енгізілген өзгерістерімен) 4-қосымшаға сәйкес «Негізгі орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты»;

2. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығымен бекітілген Бастауыш білім берудің үлгілік оқу жоспарлары (ҚР Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 30 қыркүйектегі № 412 бұйрығы 86 - қосымшасы (жаратылыстану-математикалық бағыт)

3.ҚР Оқу-ағарту министрі 2022 жылғы 21 қарашадағы № 467 бұйрығына «Жалпы білім беру ұйымдарына арналған жалпы білім беретін пәндер, таңдау курстары мен факультативтер бойынша үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы» ҚР Оқу-ағарту министрінің 16.09.2022ж. №399 бұйрығымен енгізілген өзгерістерімен оқу бағдарламалары

### Вариативтік компонентінің тиімділігі.

1-4 сыныптарда оқу жоспарының вариативті компонентінің сағаттарын математикалық сауаттылықты, математикалық сөйлеуді дамытуға бағытталған «Математика» пәнін оқуға бөлінді

1-3 сыныптарда «Математика өмірде» 1 сағаттан, 2 және 4сыныптарда «Сықырлы бояулар» 1 сағаттан берілді.

5-11 сыныптарда вариативтік компонент сағаттары «Жаһандық құзыреттер» курсына оқуға бөлінді: 5-8-сыныптарда 0,5 сағат. Сабақтар екі аптада бір рет өткізілді. 9-11-сыныптарда аптасына 1 сағат өткізілді.11-сыныпта «Физикадан есептер шығару практикумы» және «Физика және әлем»1-сағаттан өткізілді.

## 2025-2026 оқу жылы

### 1-4-сыныпқа арналған оқу жұмыс жоспары мына құжаттарға әзірленді.

4. Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығына (23.09.2022 ж. № 406 бұйрығымен енгізілген өзгерістерімен) 2-қосымшаға сәйкес «Бастауыш білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты»;
5. ҚР Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы ҚР Оқу-ағарту министрінің міндетін атқарушы 2024жылғы 27 маусымдағы № 161 бұйрығына 1- қосымшасына сәйкес құрастырылды.
6. ҚР Оқу-ағарту министрі 2022 жылғы 21 қарашадағы № 467 бұйрығына «Жалпы білім беру

ұйымдарына арналған жалпы білім беретін пәндер, таңдау курстары мен факультативтер бойынша үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы» ҚР Оқу-ағарту министрінің 16.09.2022ж. №399 бұйрығымен енгізілген өзгерістерімен оқу бағдарламалары.

#### **5-9-сыныпқа арналған оқу жұмыс жоспары мына құжаттарға әзірленді.**

2. Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығына (23.09.2022 ж. № 406 бұйрығымен енгізілген өзгерістерімен) 3-қосымшаға сәйкес «Негізгі орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты»;
2. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығымен бекітілген Бастауыш білім берудің үлгілік оқу жоспарлары (Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 15.04.2025 ж № 74) 6-қосымшасы);
3. ҚР Оқу-ағарту министрі 2022 жылғы 21 қарашадағы № 467 бұйрығына «Жалпы білім беру ұйымдарына арналған жалпы білім беретін пәндер, таңдау курстары мен факультативтер бойынша үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы» ҚР Оқу-ағарту министрінің 16.09.2022ж. №399 бұйрығымен енгізілген өзгерістерімен оқу бағдарламалары

#### **10-сыныпқа арналған оқу жұмыс жоспары мына құжаттарға әзірленді.**

1. Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығына (23.09.2022 ж. № 406 бұйрығымен енгізілген өзгерістерімен) 4-қосымшаға сәйкес «Негізгі орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты»;
2. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығымен бекітілген Бастауыш білім берудің үлгілік оқу жоспарлары (ҚР Оқу-ағарту министрінің 2023 жылғы 26 қазандағы № 232 бұйрығы 86 - қосымшасы (жаратылыстану-математикалық бағыт)
3. ҚР Оқу-ағарту министрі 2022 жылғы 21 қарашадағы № 467 бұйрығына «Жалпы білім беру ұйымдарына арналған жалпы білім беретін пәндер, таңдау курстары мен факультативтер бойынша үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы» ҚР Оқу-ағарту министрінің 16.09.2022ж. №399 бұйрығымен енгізілген өзгерістерімен оқу бағдарламалары

#### **Вариативтік компонентінің тиімділігі.**

1-4 сыныптарда оқу жоспарының вариативті компонентінің сағаттарын математикалық сауаттылықты, математикалық сөйлеуді дамытуға бағытталған «Математика» пәнін оқуға бөлінді

1 сыныпта «Қызықты математика» 1 сағат, 2 сыныпта «Логикалық математика» 1 сағат, «Көркем жазу» 1 сағат, 3 сыныпта «Математика және логика», 4 сыныпта «Математика шыңы» 1 сағат берілді.

5-10 сыныптарда вариативтік компонент сағаттары «Жаһандық құзыреттер» курсы оқуға бөлінді: 5-8-сыныптарда 0,5 сағат. Сабақтар екі аптада бір рет өткізілді. 9-10-сыныптарда аптасына 1 сағат өткізіледі. 10-сыныпта «Физикадан есептер шығару практикумы» және «Өсімдіктер экологиясы» 1-сағаттан өткізіледі.

#### **Өндірістік оқу-комбинаты (УПК)**

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңының 31-бабы, 3-тармағы, Қазақстан Республикасы 2007 жылғы 27 шілдедегі «Білім туралы» Заңының 6-бабы, 4-тармағының 22-тармақшасына, Май ауданы әкімдігінің 2019 жылғы 28 қазандағы «Оқушыларды кәсіби бағдарлау мектепаралық оқу-өндірістік комбинатын ұйымдастыру туралы» №284/10 қаулысы және Май ауданының білім беру бөлімінің 2019 жылғы 30 қазандағы «Мектепаралық оқу-өндірістік комбинаттарын ашу туралы» №1-04/345 бұйрығы негізінде мектеп оқушыларын кәсіби бағдарлау дайындығын өткізу мақсатында вариативтік сағаттан 2023-2024 оқу жылы (11-сынып) 1 сағат «Мамандықтар әлемі» атты курс мектепаралық оқу өндірістік комбинатына берілді.

Оқу жылы	Оқушы саны	мамандығы			
		Аспазшы	Есепші (бухгалтер)	Дәнекерлеуші- жөндеуші	Тракторист- машинист
2023-2024	6	4		1	1

Оқу-өндірістік комбинатын «Ertis» жоғары инновациялық аграрлық колледж тарапынан әзірленген

мамандықтарға сәйкес оқу бағдарламалары негізінде оқытушылар оқытты. Сабақтар «Ertis» жоғары инновациялық аграрлық колледж базасында өткізіледі. 2023-2024 оқу жылының соңында 6 оқушы ӨӨК аяқтау туралы куәлік берілетін болады.

### Оқу жылының ұзақтығына және оқу жылындағы каникул уақыты

2023-2024 оқу жылында ҚР ОАМ 2023 жылғы 4 қазандағы «Орта білім беру ұйымдарында 2023-2024 оқу жылының басталуын, ұзақтығын және каникул кезеңдерін айқындау туралы» №304 бұйрығы, Павлодар облысының білім беру басқармасының 2023 жылғы 4 қазандағы «Павлодар облысының орта білім беру ұйымдарында 2023-2024 оқу жылының басталуын, ұзақтығын және каникул кезеңдерін айқындау туралы» №2-02/500 бұйрығы, Май ауданының білім беру бөлімінің 2023 жылғы 10 қазандағы №1-04/241 бұйрығы, Май ЖОББМ -нің 2023 жылғы 10 қазандағы №1-06/131 бұйрығы негізінде оқу жылының ұзақтығы мен каникулдар мерзімі айқындалды.

2023-2024 оқу жылының оқу мерзімі:

Тоқсан	Оқу үдірісі	Каникул кезеңдері
1 тоқсан	01.09.2023-27.10.2023	7 күн. 30.10.2023-05.11.2023
2 тоқсан	06.11.2023-28.12.2023	10 күн. 29.12.2023-07.01.2024
3 тоқсан	08.01.2024-20.03.2024	11 күн. 21.03.2024-31.03.2024
4 тоқсан	01.04.2024-25.05.2024	
Қосымша каникул		05.02.2024-08.02.2024

Мереке күндеріне сәйкес келген сабақтар басқа күндерге ауыстырылады. Осы жағдайда сабақтардың тақырыптары/оқу мақсаттары оқу бағдарламасының мазмұнына сәйкес кіріктірілді. Мереке күндеріне түскен сабақтарға бұйрық шығарылды.

Мереке күндер	Бұйрық номері, күні	Апта күні
2023 жыл 25 қазан Республика күні	Бұйрық №1-06/134/1 23.10.2023 жыл	Сәрсенбі
2023 жыл 16 желтоқсан Тәуелсіздік күні	Бұйрық №1-06/167/1 15.12.2023 жыл	Дүйсенбі 18.12
2024 жыл 8 наурыз Халықаралық әйелдер күні	Бұйрық №1-06/41 07.03.2024 жыл	Жұма
2024 жыл 1 мамыр Қазақстан халықтарының бірлік күні	Бұйрық №1-06/62 30.04.2024 жыл	Сәрсенбі
2024 жыл 7 мамыр Отан қорғаушылар күні	Бұйрық №1-06/70 06.05.2024 жыл	Сейсенбі
8 мамыр	Бұйрық №1-06/63 30.04.2024 жыл	Сәрсенбі
2024 жыл 9 мамыр «Жеңіс күні»	Бұйрық №1-06/71 06.03.2024 жыл	Бейсенбі

2024-2025 оқу жылында ҚР ОАМ 2024 жылғы 10 шілдедегі «Орта білім беру ұйымдарында 2023-2024 оқу жылының басталуын, ұзақтығын және каникул кезеңдерін айқындау туралы» №174 бұйрығы, Павлодар облысының білім беру басқармасының 2024 жылғы 4 қазанда 11 шілдедегі «Павлодар облысының орта білім беру ұйымдарында 2024-2025 оқу жылының басталуын, ұзақтығын және каникул кезеңдерін айқындау туралы» №2-02/448 бұйрығы, Май ауданының білім беру бөлімінің 24 жылғы 15 шілдедегі №1-07/259 бұйрығы, Май ЖОББМ -нің 2024 жылғы 15 шілдедегі №1-06/106 бұйрығы негізінде оқу жылының ұзақтығы мен каникулдар мерзімі айқындалды.

**2024-2025 оқу жылының оқу мерзімі:**

Тоқсан	Оқу үдірісі	Каникул кезеңдері
1 тоқсан	01.09.2024-27.10.2024	7 күн. 28.10.2024-03.11.2024
2 тоқсан	06.11.2024-28.12.2024	10 күн. 30.12.2024-08.01.2025
3 тоқсан	08.01.2025-20.03.2025	11 күн. 21.03.2025-31.03.2025
4 тоқсан	01.04.2025-25.05.2025	
Қосымша каникул		10.02.2025-16.02.2025

Мереке күндеріне сәйкес келген сабақтар басқа күндерге ауыстырылады. Осы жағдайда сабақтардың тақырыптары/оқу мақсаттары оқу бағдарламасының мазмұнына сәйкес кіріктірілді. Мереке күндеріне түскен сабақтарға бұйрық шығарылды.

Мереке күндер	Бұйрық номері, күні	Апта күні
2024 жыл 25 қазан Республика күні	Бұйрық №1-06/170 22.10.2023 жыл	Жұма
2024 жыл 16 желтоқсан Тәуелсіздік күні	Бұйрық №1-06/205 13.12.2023 жыл	Дүйсенбі
2025 жыл 8 наурыз Халықаралық әйелдер күні	Бұйрық №1-06/41 07.03.2024 жыл	Дүйсенбі 10.03
2025 жыл 1 мамыр Қазақстан халықтарының бірлік күні	Бұйрық №1-06/51 30.04.2024 жыл	Бейсенбі
2025 жыл 7 мамыр Отан қорғаушылар күні	Бұйрық №1-06/53 06.05.2024 жыл	Сәрсенбі
2025 жыл 9 мамыр «Жеңіс күні»	Бұйрық №1-06/54 06.03.2024 жыл	Жұма

2025-2026 оқу жылында ҚР ОАМ 2025 жылғы 05 тамыздағы «Орта білім беру ұйымдарында 2025-2026 оқу жылының басталуын, ұзақтығын және каникул кезеңдерін айқындау туралы» №174 бұйрығы, Павлодар облысының білім беру басқармасының 2025 жылғы 12 тамыздағы «Павлодар облысының орта білім беру ұйымдарында 2025-2026 оқу жылының басталуын, ұзақтығын және каникул кезеңдерін айқындау туралы» №2-02/464 бұйрығы, Май ауданының білім беру бөлімінің 2025 жылғы 12 тамыздағы №1-07/274 н/қ бұйрығы, Май ЖОББМ -нің 2025 жылғы 12 тамыздағы №1-06/87 н/қ бұйрығы негізінде оқу жылының ұзақтығы мен каникулдар мерзімі айқындалды.

**2025-2026 оқу жылының оқу мерзімі:**

Тоқсан	Оқу үдірісі	Каникул кезеңдері
1 тоқсан	02.09.2025-24.10.2025	7 күн. 27.10.2025-02.11.2025
2 тоқсан	03.11.2025-26.12.2025	10 күн. 29.12.2025-07.01.2026
3 тоқсан	08.01.2026-18.03.2026	11 күн. 19.03.2026-29.03.2026
4 тоқсан	30.03.2026-25.05.2026	
Қосымша каникул		09.02.2026-15.02.2026

Мереке күндеріне сәйкес келген сабақтар басқа күндерге ауыстырылады. Осы жағдайда сабақтардың тақырыптары/оқу мақсаттары оқу бағдарламасының мазмұнына сәйкес кіріктірілді. Мереке күндеріне түскен сабақтарға бұйрық шығарылды. Бұйрық №101 2025 жылғы 02 қыркүйек.

**Оқушылар контингентін қалыптастыру және оқушылар қозғалысы**

2023-2024 оқу жылында 11 сынып-комплектісінде оқу жылының басында 77 оқушы, бітіргені 71 оқушы. Ерекше білімді қажет ететін оқушылар саны -4.

2024-2025 оқу жылында 11 сынып-комплектісінде оқу жылының басында 60 оқушы, бітіргені 61 оқушы. Өткен жылмен салыстарғанда Ерекше білімді қажет ететін оқушылар саны -4.

2025-2026 оқу жылында 10 сынып-комплектісінде оқу жылының басында 54 оқушы. Өткен жылмен салыстарғанда оқушы саны азайды. Ерекше білімді қажет ететін оқушылар саны -3.

Оқыту кезеңдері	2023-2024 оқу жылы	2024-2025 оқу жылы	2025-2026 оқу жылы

	Оқушы саны	Сынып-комплект	Орташа толымдылығы	Оқушы саны	Сынып-комплект	Орташа толымдылығы	Оқушы	Сынып-комплект	Орташа толымдылығы
Бастауыш саты	30	4	7	24	4	6	24	4	6
Негізгі мектеп	35	5	7	30	5	6	26	5	5
Орта мектеп	12	2	6	6	1	6	4	1	4
Мектеп бойынша	77	11	7	60	10	6	54	10	5

Соңғы 3 жылда оқушылар саны біртіндеп өсу динамикасының төмендеуі байқалады. Себебі 2023-2024 оқу жылында негізгі мектеп курсы бітірген 7 оқушы арнаулы оқу орнына оқуға түсті.

Оқу жылы	Негізгі мектепті бітірушілер (9-сынып)	10-сыныпта оқитындар	колледж	басқа мектепке ауысқандар	Басқа мектептен келгендер
2023-2024	7		7		
2024-2025	4	4			

#### Мектеп контингентінің сақталуы

Оқыту кезеңдері	Жылдың басы	Кеткені	Келгені	Жылдың соңында
2023-2024 оқу жылы	77	8	0	71
2024-2025 оқу жылы	60	11	7	61

Оқушылардың қозғалысы бойынша бірқалыпты деңгейде көрсетті.

#### Пәндер бойынша оқу үлгерімі мен білім сапасы

1. Оқу кезеңдері бойынша 3 жылға білім сапасының көрсеткіштері

Оқыту кезеңдері	2023-2024 оқу жылы		2024-2025 оқу жылы	
	Оқушы саны	%	Оқушы саны	%
2-4 сыныптар	16	50	24	70,83
5-9 сыныптар	33	43	30	53,57
10-11 сыныптар	12	83	6	100
Барлығы	61	58,6	60	65,52

2. Оқу кезеңдері бойынша 3 жылға озаттар мен екпінділер саны

Оқыту кезеңдері	2023-2024 оқу жылы		2024-2025 оқу жылы	
	озат	екінді	озат	екінді
1-4 сыныптар	6	3	7	10
5-9 сыныптар	12	3	5	10
10-11 сыныптар	4	6	1	5
Барлығы	22	12	13	25

2023-2024 оқу жылының kundelik.kz жүйесіндегі есептер бөлімінен алынған деректер:

Сынып	Оқушылар	Орт.	Жалпы білім
-------	----------	------	-------------

	Барлығы	Үздік оқушылар		Үлгерімі жақсы оқушылар		Үлгерімі орташа оқушылар		балл	сап.%
		Барлығы	%	Барлығы	%	Барлығы	%		
2	6	2	33,33	1	16,67	3	50	4	50
3	5	2	40	1	20	2	40	4	60
4	5	2	40	1	20	2	40	4	60
<b>Бастауыш білім беру</b>	<b>16</b>	<b>6</b>	<b>37,78</b>	<b>3</b>	<b>18,89</b>	<b>7</b>	<b>43,33</b>	<b>4</b>	<b>56,25</b>
5	4	1	25	1	25	2	50	4	50
6	8	3	37,50	0	0	5	62,50	3	37,50
7	8	4	50	0	0	4	50	4	50
8	6	2	33,33	1	16,67	3	50	4	50
9	7	2	28,57	1	14,29	4	57,14	3	42,86
<b>Негізгі орта білім беру</b>	<b>33</b>	<b>12</b>	<b>34,88</b>	<b>3</b>	<b>11,19</b>	<b>18</b>	<b>53,93</b>	<b>4</b>	<b>45,45</b>
10	6	2	33,33	4	66,67			4	100
11	6	2	33,33	2	33,33	2	33,33	4	66,67
<b>Жалпы орта білім беру</b>	<b>12</b>	<b>4</b>	<b>33,33</b>	<b>6</b>	<b>50</b>	<b>2</b>	<b>16,66</b>	<b>4</b>	<b>83,33</b>
<b>Мектеп</b>	<b>61</b>	<b>22</b>	<b>35,33</b>	<b>12</b>	<b>26,69</b>	<b>27</b>	<b>37,97</b>	<b>4</b>	<b>55,74</b>

2024-2025 оқу жылының kundelik.kz жүйесіндегі есептер бөлімінен алынған деректер:

Сынып	Оқушылар							Орт. балл	Жалпы білім сап.%
	Барлығы	Үздік оқушылар		Үлгерімі жақсы оқушылар		Үлгерімі орташа оқушылар			
		Барлығы	%	Барлығы	%	Барлығы	%		
2	14	2	14,29	8	57,14	4	28,57	3,90	71,43
3	6	3	50	1	16,67	2	33,33	4,19	66,67
4	4	2	50	1	25	1	25	4,61	75
<b>Бастауыш білім беру</b>	<b>24</b>	<b>7</b>	<b>38,10</b>	<b>10</b>	<b>32,94</b>	<b>7</b>	<b>28,97</b>	<b>4,23</b>	<b>70,83</b>
5	5	0	0	2	40	3	60	3,96	40
6	4	1	25	2	50	1	25	4,33	75
7	8	1	12,5	2	25	5	62,5	3,68	37,50
8	7	3	42,86	1	14,29	0	0	4,30	57,14
9	4	0	0	3	75	1	25	3,96	75
<b>Негізгі орта білім беру</b>	<b>28</b>	<b>5</b>	<b>16,07</b>	<b>10</b>	<b>40,86</b>	<b>13</b>	<b>43,07</b>	<b>4,05</b>	<b>53,57</b>
11	6	1	16,67	5	83,3	0	0	4,48	100
<b>Жалпы орта білім беру</b>	<b>6</b>	<b>1</b>	<b>16,67</b>	<b>5</b>	<b>83,34</b>	<b>0</b>	<b>0</b>	<b>4,48</b>	<b>100</b>

Мектеп	58	13	23,61	25	52,38	20	24,01	4,25	65,52
--------	----	----	-------	----	-------	----	-------	------	-------

Оқушылардың 2 жылдағы үлгерімін талдай отырып, 2 жыл ішінде үздік пен екпінділер саны өзгерді себебі оқушыдао санына байланысты болды. Бұл мұғалімдердің жоғары кәсіби дайындықтарын, сонымен қатар инновациялық технологияларды пайдалану тәжірибесін жетілдіруді талап етеді. Мектеп ұстаздары сабақ үрдісінде сабақты зерттеу технологиясын қолдану белсенділігін артыру қажет. Осылайша үздік және жақсы нәтижеге қол жеткізген оқушылар санын артуға септігі болады.

Пәндер бойынша оқу үлгерімі мен білім сапасының көрсеткіштері:

Пән атауы	2023-2024 оқу жылы	2024-2025 оқу жылы
информатика	93	83
Құқық негіздері	84	100
биология	67	72
дүниетану	74	75
география	67	74
Қазақстан тарихы	64	82
геометрия	70	68
ағылшын тілі	69	75
физика	73	72
ДЖ тарихы	69	82
химия	67	68
математика	62	71
әдебиет	62	67
орыс тілі әдебиеті	85	83
қазақ тілі	61	65

**Қорытынды:** Пәндер бойынша білім сапасының көрсеткіші өткен жылмен салыстырғанда динамика төмендегені байқалды, бұл әрине сыныптағы оқушылар санына да байланысты болды.. Қанағанаттанарлық деңгейде көрсеткен пәндер: математика, геометрия, физика. Оқушыларға математика мен жаратылыстану тапсырмаларының әртүрлі өмірлік жағдайлармен, кестелер, диаграммалар және графиктер түрінде берілген мәліметтерді түсіндіруге, және эксперименттік жұмыстарды жүргізе білу дағдыларындыру. Пән мұғалімдері функционалды сауаттылығын арттыуға бағытталған тапсырмалар жинағын құрастыру. Оқудың барлық сатысында білім алушылардың білім алу сапасына мониторинг жүргізу жүйесін жетілдіру.

#### Қорытынды аттестаттау нәтижесі бойынша көрсеткіштер

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2008 жылғы 18 наурыздағы «Орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдары үшін білім алушылардың үлгеріміне ағымдағы бақылауды, оларды аралық және қорытынды аттестаттауды өткізудің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» №125 бұйрығы (2023 жылғы 13 сәуірдегі №96 бұйрықпен бекітілген өзгерістер) негізінде қорытынды аттестаттау ұйымдастырылды.

Оқу жылы	Оқушы саны		Қорытынды аттестаттау қатысқандар		Босатылғандар	Үздік аттестат 9-сынып	Үздік аттестат 11-сынып
	9-сынып	11-сынып	9-сынып	11-сынып			
2023-2024	7	6	7	6	0	2	2
2024-2025	4	6	4	6	0	0	0

2023-2024 оқу жылында оқу жылын аяқтау бұйрықтары: ҚР БжҒМ 04.10.2023 жылғы №304 бұйрығы, білім беру басқарамасы 04.10.2023 жыл №2-02/500 бұйрығы, білім беру бөлімінің 10.10.2023 жыл №1-07/241 бұйрығы және мектептің 10.10.2023 жыл №1-06/131 бұйрығы.

Білім алушыларға қорытынды аттестаттау емтихан материалдары электронды нұсқада білім беру бөлімі бұлттық сақтау тәсілі арқылы қабылдау-тапсыру актісі негізінде беріліп отырды.

2023-2024 оқу жылында 9-сыныпты 7 білім алушы бітірді. Оның 2 оқушысы үздік аттестатқа аяқтады.

Пәндер	Оқушы саны	бағалары			үлгерім	сапа	Пән мұғалімі
		5	4	3			
Қазақ тілі	7	2	2	3	100	57	Адильшина Н.Б.
Алгебра	7	2	2	3	100	57	Айткенов А.С.
Орыс тілі	7	2	3	2	100	71	Рахимбекова Ж.К.
<b>Таңдау пәндері</b>							
Биология	5	1	1	3	100	40	Каппасова М.О.
Физика	2	1	1		100	100	Карипбаева А.Б.

2023-2024 оқу жылында 11-сыныпты 6 білім алушы бітірді. Екі оқушы Үздік аттестатқа ие болды.

Пәндер	Оқушы саны	бағалары			үлгерім	сапа	Пән мұғалімі
		5	4	3			
Қазақ тілі	6	3	1	2	100	67	Адильшина Н.Б.
Алгебра	6	4	1	1	100	83	Айткенов А.С.
Қазақстан тарихы	6	2	2	2	100	67	Кумарова А.Д.
Орыс тілі	6	2	3	1	100	83	Рахимбекова Ж.К.
<b>Таңдау пәндері</b>							
Биология	3	1	2		100	100	Каппасова М.О.
Физика	3	1	1	1	100	67	Карипбаева А.Б.

2024-2025 оқу жылында оқу жылын аяқтау бұйрықтары: ОАМ 10.07.2024 жыл №174 бұйрық, білім басқарамасы 11.07.2024 жыл №2-02/448 бұйрығы, білім беру бөлімі 15.07.2024 жыл №1-07/259 бұйрығы және мектептің 15.07.2024 жыл №1-06/ 106 бұйрығы.

Білім алушыларға қорытынды аттестаттау емтихан материалдары электронды нұсқада білім беру бөлімі бұлттық сақтау тәсілі арқылы қабылдау-тапсыру актісі негізінде беріліп отырды.

2024-2025 оқу жылында 9-сыныпты 4 білім алушы бітірді.

Пәндер	Оқушы саны	бағалары			үлгерім	сапа	Пән мұғалімі
		5	4	3			
Қазақ тілі	4	0	3	1	100	75	Муратова Гулайым Кабдыкаримовна
Алгебра	4	1	2	1	100	75	Айткенов Алихан Садуакасович
Орыс тілі	4	0	3	1	100	100	Рахимбекова Жанар Кумаровна
<b>Таңдау пәндері</b>							
Физика	4	1	2	1	100	75	Карипбаева Асель Бериковна

2024-2025 оқу жылында 11-сыныпты 6 білім алушы бітірді.

Пәндер	Оқушы саны	бағалары			үлгерім	сапа	Пән мұғалімі
		5	4	3			
Қазақ тілі	6	2	4		100	100	Муратова Гулайым Кабдыкромовна
Алгебра	6	0	0	6	100	0	Әбдірашит Гауһар Асылбекқызы

Қазақстан тарихы	6	3	3	0	100	100	Кумарова Айгерім Дулатовна
Орыс тілі	6	3	3	0	100	100	Рахимбекова Жанар Кумаровна
<b>Таңдау пәндері</b>							
Биология	4	2	2	0	100	100	Каппасова Мейрамгуль Олжабаевна
Физика	2	0	2	0	100	100	Карипбаева Асель Бериковна

Қорытынды аттестаттау қорытындысы бойынша мектеп түлектеріне негізгі мектепті бітіру туралы, жалпы орта мектепті бітіру туралы аттестаттары табысталды.

#### Мектеп бітірушілерінің «Үздік аттестат» пен аяқтағандар

Оқу жылдары	Сынып	Түлектер	Білім сапасы, %	Үздік аттестат.
2023-2024 оқу жылы	9	7	28,5	2 Кабдыкәрім Аружан Мағау Шыңғыс
	11	6	33	2 Шакенова Гульназ Серікқали Айғаным

#### Ұлттық бірыңғай тестілеу қорытындысы

Оқу жылдары	Түлектер саны	ҰБТ-ға қатысқандары	көрсеткіші	1-тест нәтижесі	2-тест нәтижесі
2023-2024	6	5	100%	53,2 (мамыр айы)	51 (маусым айы)
2024-2025	6	6	100%	58,2 (маусым айы)	62 (маусым айы)

Мектепте ҰБТ-ға дайындығы жақсы жолға қойылған, ата-аналармен тығыз қарым-қатынаста жұмыс атқарылады. Түлектердің таңдау пәндері мен мамандықтар таңдау дұрыс жолға қойылған. Мектептер тарынан бекітілген ҰБТ дайындығының кестесіне сәйкес пән мұғалімдері қосымша дайындық арқылы тақырыптық түзету жұмыстарын ұйымдастырды. Әкімшілік тесттері айына 1 рет өткізіліп, қорытындысы мектеп директорының жанындағы отырыстарда қарастырылды. Нәтижесіне қарай шешімдер қабылданды. ҰБТ-ға дайындықтарын тегін «Достық» білім беру орталығынан басқа Sabaq onlin, EduCon, BilimLand, QazBilim, онлайн-5+, Itest, testcenter.kz, Joo.kz сайтының онлайн қосымша платформалары арқылы өтті.

#### Инклюзивті білім беру және әдістемесі

Қазіргі Қазақстан жағдайында мемлекеттік саясаттың маңызды басымдықтарының қатарына барлық адамдардың білім алу құқықтарының теңдігі жатады. Білімнің қолжетімді болуын қамтамасыз ететін алғышарт – инклюзивті орта. Инклюзивті білім берудің заманауи міндеті интеллектуалды дамуды, психофизиологиялық және жеке-дара ерекшеліктерді ескере отырып, халықтың барлық деңгейі үшін білім алуға тең қолжетімділікті қамтамасыз етуді қарастырады.

Оқу жылдары	ЕБҚ бар оқушылар саны	Сыныпта оқитындар	Үйде оқитындар	мүгедек
2023-2024 оқу жылы	4	4	0	0
2024-2025 оқу жылы	4	4	0	0
2025-2026 оқу жылы	3	3	0	0

Оқу жылдары	ЕБҚбар оқушылар саны	Бейімделген бағдарлама	Жеке бағдарлама
4 сыныпта «Жүргінші қауіпсіздігі» тақырыбы бойынша сабақта оқушылардың оқу іс-әрекетінің жеке нәтижелеріне қол жеткізу үшін қажетті жағдайлар жасалды. Оқушылар ақпаратты пайдалана білу қабілеттерін көрсетті (алу, өңдеу, сақтау және беру), Белсенді диалогқа кірісті, өз көзқарастарын білдірді және басқалардың көзқарасын тыңдай білді,

ұжымда өзара іс-қимыл және ынтымақтастық көрсетті. Сабақта диагностикалық жұмыс түрі тестілеу болды. "Жол жүру ережелері" тақырыбы бойынша саяхат-сабақ өткізді. Мұғалім оқушылардың жұмысын жеке, жұпта, топта ұйымдастырады.

### **Қорытынды:**

ОҚН сабақтарын өткізу кезінде мұғалімдер сабақтарда оқушылардың өмір қауіпсіздігі саласындағы негізгі құзыреттіліктерін қалыптастыра білді, сабақтарда белсенді көзқарастарын жүзеге асыра білді. Денсаулық сақтау құзыреттерін қалыптастыруға ерекше көңіл бөлінді. Жол қозғалысы ережелері бойынша білімдерін көрсете білді.

### **«Жолда жүру ережелері» міндетті оқу курсына іске асыру туралы**

МЖМБС сәйкес мектепте «Жолда жүру ережелері» оқу курсының мазмұны 1-4 сыныптарда әрбір сыныпта 6 сағаттан сынып сағаттары есебінен және сабақтан тыс уақытта сынып жетекшілері жылдық жұмыс жоспарында тақырыптары мен мерзімін көрсете отырып, іске асырылды. 5-9 сыныптарда сыныптан тыс уақыттарда және сынып сағаты есебінен 10 сағат көлемінде жүргізіліп отырды.

«Жолда жүру ережелері» міндетті оқу курсына іске асыру шешімі 2023-2024 оқу жылында «Күнделік» электронды журналға толтырылады.

### **Мектептеп бойынша ыстық тамақты ұйымдастыру**

Май ЖОББМ мектеп оқушыларын ыстық тамақпен қамту мәселесін ұйымдастыру басты міндеттерді іске асырды.

- әлеуметтік қорғансыз отбасылар санатына жатқызылатын отбасылардан шыққан оқушыларды тегін тамақтануын қамту;

- ата-аналар (заңды өкілдер) қаражаттарының көмегімен оқушыларды рационалды тамақтандыруды ұйымдастыруға қолайлы жағдай жасау;

- мектептің асхана бөлмелерінің материалдық базасын нығайту және жаңарту;

- қызмет көрсетудің жаңа озық формаларын дамыту және тамақтану мәдениетін жоғарылату;

- тамақтанудың санитарлық-гигиеналық қауіпсіздігін қамтамасыз ету;

- ата-аналар (заңды өкілдер) мен оқушылардың арасында ыстық тамақтанудың қажеттілігі туралы түсіндірме жұмыстарын жүйелі түрде жүргізу.

<b>Оқу жылдары</b>	<b>2023-2024</b>	<b>2024-2025</b>	<b>2025-2026</b>
Тегін тамақ түрлері			
Жалпыға бірдей білім беру қорымен қамтылған оқушылар саны	38	29	30
Асхана мердігері есебінен	0	0	0

қамтылған оқушылар саны			
Жалпы тегін тамақпен қамтылған балалар саны	28	21	30

3 жылдық салыстырмалы диаграммадан байқалғаны – әр жыл сайын оқушылар тегін тамақпен қамтылып отырды.

Тек 2023-2024 оқу жылы 1-4 сынып оқушылары тегін тамақпен қамтылды. Бір балаға берілетін ыстық тамақтың жалпы құны 1-4 сынып оқушыларына 450 теңге, 5-9 сынып оқушыларына 690 теңгені құрайды, жалпы орташа баға - 570 т. Тегін тамақпен жетім және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған оқушылары, атаулы әлеуметтік көмек алатын оқушылар және күнкөріс мөлшері төмен аз қамтылған немесе көпбалалы отбасы балалары қамтамасыз етілді. Құжаттар мемлекеттік қызмет көрсету стандартына сай қабылданып отырды. Асхана мәзірі екі аптаға құрылған. Асханадағы қызметкерлер саны- 3 адам, оның ішінде 1 аспазшы, 1 еден жуышы және асхананы жалға алушы.

### Тегін ыстық тамаққа ЖББ қорынан бөлінген қаражат

	2023-2024	2024-2025	2025-2026
<b>Тегін тамаққа бөлінген қаражат</b>	<b>Мың теңге</b>	<b>Мың теңге</b>	<b>Мың теңге</b>
Аз қамтылған санаты бойынша	1155455,36	310061,25	1047453,00
1-4 сынып бойынша	1060714,29	104625,00	589680,00

ЖББ қорынан бөлінген қаражат ҚР Үкіметінің № 64 қаулысында көрсетілген санаттарға сәйкес үлестірілген. Мектептің тегін ыстық тамақтандыру мәселесі бойынша 3 жылдың құжаттары бар екендігі анықталды. 2023-2024 жылдар аралығында келесі келісім-шарттар жинақталып сақталған:

*аз қамтылған санаты бойынша 2023 жылғы - №163/4 КШ, 2024 жылғы - №163/22 КШ және 2023 жылғы 163/4;*

*1-4 - сынып бойынша 2023 жылғы -№ 159/4 КШ, 2024 жылғы - № 159/15 КШ және 2023 жылғы - № 159/4 КШ.*

### Санитариялық қағидалар мен нормаларға сәйкес тамақтандыру объектісінің болуы туралы мәліметтер

<b>Білім беру процесі жүргізілетін құрылыстың нақты мекен-жайы</b>	<b>Тамақтандыру объектісінің атауы (асхана, буфет, дәмхана)</b>	<b>Тамақтандыру объектісінің санитариялық қағидалар мен нормаларға сәйкестігі туралы</b>	<b>Ескертпе (тамақтандыру объектісін жалға берген жағдайда жалға</b>
--	---	--	--

		<b>санитариялық-эпидемиологиялық қорытындының болуы (күні және нөмірі)</b>	<b>алушылар туралы мәліметтерді көрсету)</b>
<p>Павлодар облысы</p> <p>Май ауданы</p> <p>Май ЖОББМ Мектеп көшесі 7, телефон нөмірі</p> <p>87712752060 Индекс 140814. эл.адрес. mai_mektep@mail.ru</p>	Мектеп асханасы	<p>Мемлекеттік тіркеу туралы куәлік</p> <p>№ S 10 X KZ08VBS00103489</p> <p>Күні: 12.03.2018 ж</p> <p>«Май жалпы орта білім беру мектебі» КММ</p>	<p>ЖК</p> <p>Кушербаева Гультжамал Кабыкеновна куәлігі негізінде серия номері 0101 № 0033126 от 21.06.2016ж</p>
<p>Павлодар облысы</p> <p>Май ауданы</p> <p>Май ЖОББМ Мектеп көшесі 7, телефон нөмірі</p> <p>87712752060 Индекс 140814. эл.адрес mai_mektep@mail.ru</p>	Мектеп асханасы	<p>Мемлекеттік тіркеу туралы куәлік</p> <p>№ S 10 X KZ08VBS00103489</p> <p>Күні: 12.03.2018 ж</p> <p>«Май жалпы орта білім беру мектебі» КММ</p>	<p>ИП Адина</p> <p>Область Абай, г.Семей, Микрорайон 15</p> <p>БСН/ЖСН 8603273303000</p> <p>БСК CASPKZKA</p> <p>ЖСК KZ74722S00003 106901 «KASPI BANK» АҚ</p> <p>Басшысы: Абулгазинов Ермек Аскиргазыевич</p>

### Құқықбұзушылықтың алдын алу

Оқу жылы	Аудандық есеп	Мектепшілік есеп	Жалпы
2023-2024 оқу жылы	0	0	0

2024-2025 оқу жылы	0	0	0
2025-2026 оқу жылы	0	0	0

Оқушылармен профилактикалық жұмыстар жүргізу барысында отбасылардың әлеуметтік жағдайы қарастырылады.

2023-2025 жылдар аралығында аудандық немесе мектепшілік есеп бақылауына қойылған оқушылар жоқ.

2023 жылғы 8-20 қараша аралығында «Бала құқығы – адам құқығы» атты республикалық онкүндік және «Қатыгездіксіз және зорлық-зомбылықсыз балалық шақ» ақпараттық науқанының, «Зорлық-зомбылықсыз 16 күн» науқанының өткізу жөніндегі іс-шаралар жоспары аясында мектеп психологі Г.Е.Жанакова «Зорлық-зомбылықсыз балалық шақ» тақырыбында мектеп оқушыларымен тренинг ұйымдастырды. Аға тәлімгер Е.Е.Умурбекова «Балалық шақты бірге қорғайық» тақырыбында 1-9 сынып оқушыларымен челлендж өткізді. Қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімдері 5-9 сынып оқушыларымен «Құқығым бар...» тақырыбында эссе конкурсын ұйымдастырды. Мектеп кітапханашысы «Өз құқығыңды біліп, өзінді қорға» кітап көрмесін ұйымдастырып, таныстырылым жүргізді. «Ұшқыр ой алаңы» дебат жетекшісі Е.Е.Умурбекова «Зорлық-зомбылықсыз әлем» тақырыбында 7-9 сынып оқушылармен пікірталас ұйымдастырды. Сынып жетекшілер «Әр бала зорлық-зомбылықсыз балалық шаққа құқылы» тақырыбында сынып сағаттарын өткізді. Мектепте «Сенім жәшігі» әр апта сайын қаралып отырады. «Түнгі қаладағы балалар!», «Жасөспірім», «Көше» сияқты кең ауқымды рейдтер өткізіліп отырады. Әлеуметтік педагог С.У.Естаева «Мен және менің құқығым» 5-9 сынып оқушыларымен дөңгелек үстел өткізді. «Біз әлемді өзгертеміз, зорлық-зомбылықсыз әлемді қалай өзгертуге болады» тақырыбында сынып сағаттары өтті. «Кәмелеттік жасқа толмағандар арасында құқықбұзушылықтың алдын алу» тақырыбында 8,9 –сынып оқушыларымен дөңгелек үстел ұйымдастырылды.

Әр сынып жетекшілер сыныбы бойынша құқық бұзушылықтың алдын алу шаралары және әлеуметтік категориялы балаларды анықтау бойынша талдау жасайды. Түнгі рейд нәтижелеріне талдау жүргізіледі.

### Сәтсіз отбасылардың 3 жылдық көрсеткіші:

Оқу жылдары	Қалалық есепте тұрған отбасы», оқушылар	есепте «Сәтсіз ондағы	Мектепшілік есепте тұрған «Сәтсіз отбасы», ондағы оқушылар
2023-2024 оқу жылы	0		0
2024-2025 оқу жылы	0		0
2025-2026 оқу жылы	0		0

Құқықбұзушылықтың алдын алу Кеңесі құқық бұзушылықтың алдын алу үдерісін тиімді ұйымдастыру мақсатында мектеп әкімшілігі, мұғалімдер, ата-аналардың (заңды

тұлғалардың), қоғамдық ұйымдардың қызметі біріктіліп іске асырылды. Құқықбұзушылықтың алдын алу Кеңесі өз жұмысын Қазақстан Республикасы заңнамалары негізінде іске асырады. Алдын алу кеңесінің құрамына: Кеңес төрағасы(төрайымы) – мектеп директоры, Хатшысы, мектеп әкімшілігі, мұғалімдер, ата-аналар, жоғары сынып оқушылары, мектеп инспекторы енгізілді. Профилактикалық кеңес айына бір рет өткізіледі, арнайы жылдық жоспары құрылған. Кеңес жұмысына кеңес төрайымы-мектеп директоры басшылық етеді. Кеңес шешімі көпшілік дауысымен қабылданады. Кеңестің отырысы, барысы мен қабылданған шешімдері хаттамаланады. Хаттамалар дәптерге, қолмен толтырылады. Дәптер беттері нөмірленіп, тігіліп, мектеп директорының қолымен бекітіледі. Кеңесте қаралған құжаттар жүйеленіп, 3 жыл сақталады. Құқықбұзушылықтың алдын алу Кеңесінің мақсат-міндеттері: кәмелетке толмағандардың қараусыз қалуына, қылмыс жасауына, құқық бұзуына, қоғамға қарсы іс-әрекет жасауына себеп болған жағдайларды анықтау, олардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау, әлеуметтік-педагогикалық оңалту. Тәртіп бұзған оқушылардың есепке алынуы немесе есептен шығарылуы осы Кеңесте шешіліп отырады. Профилактикалық кеңесте, сонымен қатар, психолог мамандардың сұрақтары, онда «Балалар агрессиясы, оның себептері мен салдары», «Темекі, алкоголь және есірткінің алдын алу» деген сияқты тақырыптар қозғалады және осындай балалар анықталса, олармен жұмыстың түрлері, нәтижелері ортаға салынады. Тәртіпбұзушылықтар жиі кездескен сыныптардағы құқықбұзушылықтың алдын алу жұмыстарының жүргізілуін тексеру, сонымен қатар білім алудан бас тартқан оқушылардың ата-аналарымен жұмыс қаралады. Әр сынып жетекшілер сыныбы бойынша құқық бұзушылықтың алдын алу шаралары және әлеуметтік категориялы балаларды анықтау бойынша талдау жасайды. Түнгі рейд нәтижелеріне талдау жүргізіледі.

Қорыта келе, жасөспірімдер арасындағы құқықбұзушылықтың алдын алу жұмысы-қылмыспен күресудің алдыңғы қатардағы бағыттарының бірі деп есептеледі. Оның сапалы орындалуы, алдын ала ескертілуі өскелең ұрпақтың денсаулығы және адамгершілігі үшін елеулі жағдайдың жасалуы. Ал алдын алу жұмыстары бойынша мектептің ерекше міндеті құқықбұзушылықты ертерек анықтау болып табылады. Сондықтан мектеп психологтары, сынып жетекшілер, мектеп әкімшілігі бірлесе отырып, сауалнама, әртүрлі диагностикалық жұмыстар арқылы әр сыныпта «Қауіп» тобына кіретін оқушыларды анықтаудан бастайды.

### **Мектепшілік қамқоршылық кеңесінің жұмысы**

2023-2024 жылдар аралығында «Қамқоршылық кеңесі» өз жұмыс жүйелі түрде атқару үстінде. Аудандық білім бөлімінің бұйрығымен бекітілген мектепшілік кеңес құрамында 9 адам жұмыс жасайды. Қамқоршылық кеңесінің төрайымы Кабылдина Екатерина Есеновна. Кеңес жұмысының жоспары бекітілді.

<b>№</b>	<b>Атқарылатын жұмыстар</b>	<b>Мерзімі</b>	<b>Жауапты</b>
1	Қамқоршылық кеңесінің жоспарын бекіту. Нормативтік құжаттармен танысу, негізгі бағыттарды анықтау.	Қыркүйек	Қамқоршылық кеңесінің мүшелері
2	Қамқоршылық кеңесінің отырыстарын өткізу	Тоқсанына 1 рет	Қамқоршылық кеңесінің мүшелері
3	Білім беру ұйымының жарғысы мен ішкі тәртіп ережелеріне өзгерістер	Жыл бойы	Қамқоршылық кеңесінің

	енгізу немесе толықтырулар енгізу		мүшелері
4	Мектепшілік барлық саладағы іс-шараларға қатысу (оқу үрдісі, тәрбие, құқық, әлеуметтік, психологиялық және мәдени іс-шаралар)	Жыл бойы	Қамқоршылық кеңесінің мүшелері
5	Мектептің материалдық-техникалық базасын жетілдіруге демеушілерді тарту.	Жыл бойы	Қамқоршылық кеңесінің мүшелері
6	Жалпы мектепшілік ата-аналар комитеті мен қамқоршылық кеңесінің бірлескен жұмысы.	Жыл бойы	Қамқоршылық кеңесінің мүшелері
7	1-9 сынып оқушыларының әр тоқсан сайын «Мектепшілік бақылау» сынамаларын алу барысын бақылау.	Тоқсан сайын	Қамқоршылық кеңесінің мүшелері
7	Білім сапасын жақсарту мақсатында «Зерттеу сабақтары» тәсілін оқыту үрдісіне енгізу үрдісіне қатысу.	Қыркүйек	Қамқоршылық кеңесінің мүшелері
8	Дарынды балаларды қолдау	Жыл бойы	Қамқоршылық кеңесінің мүшелері
9	Мектеп оқушыларына әлеуметтік қолдау көрсету. «Мектепке жол», «Қамқорлық» т.с.с. қайырымдылық акцияларын өткізуге ат салысу	Жыл бойы	Қамқоршылық кеңесінің мүшелері

#### Қамқоршылық кеңесінің міндеттері:

- мектеп жұмысының айқындығын арттыруға және жетілдіруге бағытталған бастамалар ұсыну және оны талқылау;
- мектеп ұйымының материалдық-техникалық базасы мен оқу базасын нығайту және жетілдіру;
- білім беру үдерісін іске асыру жағдайын жақсартуға, оқушылардың өмірі мен денсаулығын сақтауға жәрдем көрсету;
- мектеп органдарының жұртшылықпен тиімді қарым-қатынасы үшін жағдай жасау;
- Мектептің білім берушілік, қаржылық, кадрлық әлеуетін күшейту;
- ҚМ берілген қаражаттай және заттай бюджеттік қаржыны тиімді және анық пайдалану үшін механизм құру;
- Қаржыландырудың қосымша көздерін мектепке тартуға жәрдем беру;
- оқушылардың заңды құқықтары мен мүдделерін қорғау.

#### Қамқоршылық кеңесінің құрамы:

1. Кабылдина Е.Е.- қамқоршылық кеңесінің төрайымы
2. Қрыкпаев Е.- кеңес мүшесі
3. Шакенов Р.Т.- кеңес мүшесі
4. Байғалиев Ә.- кеңес мүшесі
5. Қырыкпаева Т.- кеңес мүшесі
6. Ильязова Р.- кеңес мүшесі

- 7. Тусупбаева М.- кеңес мүшесі
- 8. Каржаубаева Б.- кеңес мүшесі
- 9. Байжасаров С. –кеңес мүшесі
- Жунусова М.-кеңес хатшысы

**Бірлесіп өткізілген іс-шаралар:**

30.09.2023 «Балалар жылы» аясында Май жалпы орта білім беру мектебінде Ұстаздар күніне орай “Ұстаз- ұлы есім” атты тақырыпта Жас мамандардың ұйымдастыруымен мектепшілік іс-шара өткізілді. мақсаты: «Мұғалімдер күні» мерекесін мерекелеу және мұғалім мәртебесін арттыру. Ұстаздар мерекесіне байланысты 1 – 9 сыныптар аралығында тәрбие сағаттары ұйымдастырылып, өткізілді.

15.12.2023 жылы «Балалар жылы» аясында Май жалпы орта білім беру мектебінде 16 желтоқсан Тәуелсіздік күніне арнаған «Тәуелсіздік деп соғады жүрегіміз!» атты мерекелік іс-шара өткізілді. Мақсаты: Оқушыларға Қазақстан туралы, оның Тәуелсіздігі туралы мәлімет беру, Тәуелсіздікке қалай жеткенін баяндау, көрсету; Оқушыларды өз елін сүйуге, қадірлеуге, осы елдің ұланы екенін мақтан етуге баулу, өз ана тілін сүйуге үйрету. Кең байтақ, көз жетпейтін жерім менің, Таулы орман, жасыл жайлау көлім менің. Бүгінде бар әлемге даңқын жетті, Тәуелсіз Қазақстан – елім менің- дей келе, мектебімізде Қазақстан Республикасының Тәуелсіздік күні қарсаңында Республикалық Бірыңғай «Жас Қыран», «Жас Ұлан» балалар мен жасөспірімдер ұйымы қатарына қабылдау рәсіміне арналған салтанатты жиын өтті. Мектебіміздің 12 үздік оқушысы, әр түрлі олимпиадалар мен жарыстардың, байқаулардың, сайыстардың жеңімпаздары Республикалық бірыңғай «Жас Қыран», «Жас Ұлан» балалар мен жасөспірімдер ұйымының қатарына қабылданды.

Балалар жыл аясында Май жалпы орта білім беру мектебінде 27.28.29 «Қош келдің жаңа жыл» атты тақырыбында Жас мамандардың және Қамқоршылық кеңестің ұйымдастыруымен Жаңа жылдық мерекелік кеш ұйымдастырылды. Қуанса бала қуансын деген мақсатпен Мектеп тарапынан Жаңа жыл қарсаңында жағдайы төмен 3 отбасына Әлеуметтік көмек көрсетілді

Қорытынды. Қамқоршылық кеңесі мектеп ұжымымен тығыз қарым-қатынаста жұмыс жүргізеді. Білім беру үдерісін іске асыру жағдайын жақсартуға, оқушылардың өмірі мен денсаулығын сақтауға жәрдем көрсетуде тығыз жұмыс тар жүргізілді.

**ЖББ қорынан көрсетілген көмек**

	2023-2024	2024-2025	2025-2026
Жалпыға бірдей білім беру қорынан бөлінге қаражат	329 000	230 000	643956
«Мектепке жол» акциясы	115 000	118 000	100000

ЖББ қорынан әр жыл сайын аз қамтылған, жетім және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалар, көпбалалы отбасы балаларына тегін көмек көрсетіліп отырды. «Мектепке жол» акциясы жыл сайын өткізіліп отырады, аз қамтылған отбасы балаларына демеушілер тарапынан көмек көрсетіліп отырады, сонымен қатар, мектеп ұжымы және ата-аналар белсенді

қатысады. Мысалы, Тиыштықбай Ерасыл - аз қамтылған отбасы 3 жылы қатарынан қаржылай көмек көрсетілді. Мектеп ұжымы қаржылай көмек берді.

### ЖББ қорынан көмек алған оқушылардың санаттары

жылдар	Оқушы саны	санаттары	1-4	5-11
2023-2024	64	Бала саны	30	47
		<b>оның ішінде:</b> көп балалы отбасынан	8	8
		толық емес отбасынан	3	4
		жартылай жетім бала	3	4
		Жетім /ААҚҚ (ОБПР)	0	0
2024-2025	62	Бала саны	24	36
		<b>оның ішінде:</b> көп балалы отбасынан	4	6
		толық емес отбасынан	3	2
		жартылай жетім бала	2	2
		Жетім /ААҚҚ (ОБПР)	0	0
2025-2026	54	Бала саны	24	30
		оның ішінде: көп балалы отбасынан	1	1
		толық емес отбасынан	2	0
		жартылай жетім бала	0	0
		Жетім /ААҚҚ (ОБПР)	0	0

### Аудандық әкімшілік шыршасына қатысқан оқушылар туралы мәлімет

Оқу жылы	2023-2024	2024-2025	2025-2026
Бала саны	3	3	3
Жаңа жылдық сыйлықтары	Қаржылай 50.000 мың теңге және жаңа жылдық кулек	Қаржылай 50.000 мың теңге және жаңа жылдық кулек	Қаржылай 50.000 мың теңге және жаңа жылдық кулек

### Жетім /ААҚҚ / оқушыларының 3 жылдық мониторингісі

	2023-2024	2024-2025	2025-2026
Жетім қалған бала саны	0	0	0
Ата-ананың қамқорлығынсыз қалған балалар саны	0	0	0
Аз қамтылған бала саны	8	11	12

Жалпы бала саны	8	11	12
<b>Отбасы саны</b>	<b>2</b>	<b>3</b>	<b>3</b>
<b>Ұлдар</b>	<b>3</b>	<b>6</b>	<b>7</b>
<b>Қыздар</b>	<b>5</b>	<b>5</b>	<b>5</b>

### Жазғы демалыс лагерлер жұмысы

Әр жыл сайын мектептен Білім және ғылым министрлігінің мектепке дейінгі және орта білім беру комитетінің ұйғарымымен Баянауыл қаласы мен Түркестан облысына аз қамтылған оқушыларды экскурсияға жіберіліп отырды. Лагерьге жіберілетін оқушылар: халықаралық, республикалық, облыстық байқаулар, олимпиадалар, спорттық жарыстардан жүлделі орын алған оқушылар, аз қамтылған, көпбалалы отбасы балалары және жетім және ата-ананың қамқорлығынсыз қалған оқушылар жіберіліп отырды.

Сонымен қатар, жалпыға бірдей білім беру қорынан бөлінген қаражатқа аз қамтылған, көпбалалы отбасы балалары және жетім және ата-ананың қамқорлығынсыз қалған оқушылар тегін ауыл сыртындағы «Ақжелкен», мектеп жанындағы «Балбұлақ» лагерінде демалып отырды.

	2023-2024	2024-2025	2025-2026
Республикалық «Жас даурен» лагері	2	2	3
Мектеп жанындағы «Күншуақ» лагері	15	15	20
Жалпы демалыспен қамтылған балалар	0	64	54
Пайыз көрсеткіші	0	100	100

### 2023-2024 оқу жылдарында Май ЖОББМ тәрбие жұмысының талдауы

Май жалпы орта білім беру мектебі бойынша 2023-2026 оқу жылдарында әр жыл сайын тәрбие жұмысының жылдық жоспары жасалынып, бекітілді.

Тәрбие жұмысын жасауда негізге алынды:

2023- 2024 жылдарға арналған ҚР БжҒ министрлігінің 16 қараша 2009 жылғы № 521 бұйрығымен бекітілген және Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020 – 2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы, ҚР БҒМ 2019 жылғы 15 сәуірдегі № 145 бұйрығымен бекітілген «Рухани жаңғыру» бағдарламасын іске асыру жағдайындағы тәрбиенің тұжырымдамалық Қазақстан Республикасының Заңына сүйенеді.

Басшылыққа алынған тәрбие жұмысының басым бағыттары:

- 1.Қазақстандық патриотизм, азаматтық, құқықтық тәрбие
- 2.Рухани – адамгершілік тәрбиесі
- 3.Отбасы тәрбиесі
- 4.Ұлттық тәрбие

Көпмәдениеті көркем және эстетикалық тәрбие

Дене тәрбиесі мен салауатты өмір салты  
Еңбек, экономикалық және экологиялық тәрбие.

Зияткерлік тәрбие – ақпараттық мәдениет тәрбиесі.

Орта мектептің тәрбие мақсаты: Жалпы адамзаттық және ұлттық құндылықтар негізінде жан жақты және үйлесімді дамыған тұлға тәрбиелеу.

Міндеттері:

1. Жаңа демократиялық қоғамда өмір сүруге қабілетті азамат және патриот қалыптасуына; тұлғаның саяси, құқықтық және сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетін қалыптастыруға; балалар мен жастардың құқықтық санасының өсуіне, оның балалар мен жастар ортасындағы қатыгездік пен зорлық-зомбылық көріністеріне қарсы тұруға дайын болуына ықпал ету.

2. Тұлғаның рухани-адамгершілік және этикалық принциптерін, оның қазақстандық қоғам өмірінің нормалары және дәстүрлерімен келісілген моральдық қасиеттері мен мақсаттарын қалыптастыруға ықпал ету.

3. Тұлғаның жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарға бағдарлануына, ана тілі мен қазақ халқының, Қазақстан Республикасында тұратын этностар мен этникалық топтардың мәдениетін құрметтеуіне ықпал ету.

4. Бала тұлғасын қалыптастыруда ата-аналардың ағарту жұмысын, психологиялық-педагогикалық құзыреттіліктерін күшейтуге, бала тәрбиесі үшін олардың жауапкершілігін арттыруға ықпал ету.

5. Тұлғаның еңбек дағдыларын, экономикалық ойлауы мен кәсіби қалыптасуына және өзін-өзі жүзеге асыруына саналы қарым-қатынасын қалыптастыру, экологиялық мәдениетін дамыту.

6. Әрбір тұлғаның зияткерлік мүмкіндіктерін, көшбасшылық қасиеттерін және дарындылығын дамытуды қамтамасыз ететін уәждемелік кеңістік қалыптастыру, оның ақпараттық мәдениетін қалыптастыруына ықпал ету.

7. Білім беру ұйымында көпмәдениетті орта құруға ықпал ету, жалпымәдени мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру, тұлғаның өнерде және болмыста эстетикалық нысандарды қабылдау, меңгеру және бағалау әзірлігін дамыту.

8. Салауатты өмір салты дағдыларын тиімді меңгеру, дене дамуы мен психологиялық денсаулықты сақтау, денсаулыққа зиян келтіретін факторларды анықтау біліктілігін ойдағыдай қалыптастыру үшін кеңістік орнату.

Мақсатқа жету келесідей мәселелерді шешу барысында жүзеге асырылады:

- Оқушылар бойында азаматтық белсенділік пен жауапкершілікті арттыра отырып, адами және рухани адамгершілік қасиеттері мен ұстанымының дамуына жағдай жасау;

өз елінің, мектебінің, айналасындағы адамдардың әл-ауқатына қамқорлық көрсететін азаматтық-патриоттық жағдайды, әлеуметтік жауапкершілікті қалыптастыру;

моральдық тәрбие, оның нәтижесі - жалпыадамзаттық мораль нормаларын, қарым-қатынас мәдениетін меңгерту;

оқушылардың табиғи дарыны мен қабілетін дамыту, өнер түрлеріне баулу;

еңбекке деген оң көзқарасты қалыптастыру, шығармашылық жұмысқа деген қызығушылығын дамыту;

заңға және қоршаған адамдардың құқықтарына деген құрметке негізделген ұжымдық өмір нормаларын сақтау;

салауатты өмір салтын қалыптастыру, физикалық өзін-өзі жетілдіру және дамыту.

Білім алушыларды субъективті жаңа білімді меңгеруі мен таным мәселелерін шешуге, ұлттық дәстүрді, мәдениетті зерделеуге және жалпыадамзаттық құндылықтарды сіңіруге бағытталған тәрбие жұмысын іске асыру бойынша, мектепте тәрбиеленушілердің міндеттері мен қағидаларын реттейтін нормативтік құжат «Мектеп жарғысы» бекітілген, «Сынып жетекшісі туралы ереже», «Сынып жетекшілердің лауазымдық міндеттері», «Сынып сағаты туралы ереже», «Ата-аналар комитеті туралы ереже», «Ата-аналар жиналысының ережесі», «Мектептегі кезекшілік туралы ереже», «Мектептегі өзін-өзі басқару ұйымының ережесі», «Жас ұлан», «Жас қыран» «Балалар ұйымының ережесі», «Мектеп жанындағы сауықтыру лагерінің ережесі», «Құқық бұзушылықтың алдын алу кеңесінің ережесі», «Мектепшілік

бақылау ережесі», «Рухани жаңғыру мемлекеттік бағдарламасы», «Мәңгілік Ел» мемлекеттік акті, «Адал ұрпақ» балалар ұйымының ережесі.

Мектептің жаңа оқу жылына арналған тәрбие жоспары тамыз айында педагог - психолог, әлеуметтік - педагог, педагог-ұйымдастырушы біріге отырып, аталған ережелер мен құқықтық- нормативтік құжаттарды негізге ала отырып жасайды.

Тәрбие жұмыстары сынып жетекшілер бірлестігінің, «Жас ұлан» балалар ұйымының жұмысы, педагог-психологтың жұмысы, сынып жетекшілер және үйірме сабақтары арқылы жүзеге асады. Тәрбие жұмысына отбасын, білім беру ұйымын, қоғам қайраткерлерін тарта отырып біріккен түрде жүргізген тиімді. Тәрбие жұмысы отбасы, мектеп, қоғам тығыз байланыста болып жүргізген жағдайда ғана сапалы болмақ.

Тәрбиеленушілерге сапалы білім саналы тәрбие беру үрдісіне барлық ұжым мүшелері қатысады. Ата-аналар және әлеуметтік қызметкерлермен тығыз байланыста болып, төмендегі тәрбие бағыттары бойынша жұмыстарды жүзеге асырады. Олар:

Қазақстандық патриотизм мен азаматтыққа тәрбиелеу, құқықтық тәрбие

Рухани- адамгершілік тәрбие

Ұлттық тәрбие шеңберінде құндылықтар жүйесін қалыптастыру

Мектептегі отбасылық тәрбие

Еңбек, экономикалық және экологиялық тәрбие

Көпмәдениетті және көркем-эстетикалық тәрбие

Зияткерлік тәрбие құндылығы

Дене тәрбиесі, салауатты өмір салтын қалыптастыру

Тәрбие жұмысының мазмұны адамдық қасиеттерді (сенім, шындық, еркіндік, қайырымдылық, қамқорлық, махаббат т.б.) және ұлттық қасиеттерді (тәуелсіздік, патриотизм, ана тіл, заңға бағынушылық, ұлттық мәдениет, салт дәстүр т.б.) тәрбиеленушілердің бойына сіңіруде көрінеді.

### **Тәрбие жұмысының негізгі мақсаты:**

-оқушыларды жеке тұлға ретінде қалыптастыру,

-өзін-өзі анықтауға және тәрбиелеуге,

-шығармашылық қабілетін ашуға,

-гуманитарлық және рухани адамгершілік қасиеттерін қалыптастыру.Тәрбие жұмысы тәрбиеленушілердің бойында Қазақстандық патриотизм, азаматтық және жалпы мәдениет, салауатты өмір салтын, шығармашылық қабілетін дамыту, өзінің икемділігін анықтауға бағытталған. Жас ұрпақты тәрбиелеуде оң нәтижеге жету үшін төмендегі міндеттерді жүзеге асыру керек:

Қазақстан Республикасының мемлекеттік рәміздеріне құрмет сезімін қалыптастыру;

Жас өспірімдердің бойында азаматтық – патриоттық сезімін, рухани адамгершілік қасиеттерін қалыптастыру;

Оқушылар арасында салауатты өмір салтын қалыптастыру;

Оқушылардың бойында ағзаға зиянды заттардан аулақ болу мінезін қалыптастыру;

Оқушылар арасында діни экстремизмнің алдын алу жұмыстарын жүйелі жүргізу;

Балалар ұйымы «Жас ұлан» және «Жас полиция көмекшілері» клубының жұмысы арқылы балалардың шығармашылық қасиеттерін дамыту және қолдау;

Сынып жетекшілермен әдістемелік жұмыс ұйымдастыру;

Кәсіптік бағдар беру жұмысын ұйымдастыру;

Жасөспірімдердің жазғы демалысын ұйымдастыру;

Сынып ұжымын қалыптастыру, тәрбие жұмысын сынып ұжымында жүзеге асыру:

Тәрбие жұмысының 2023-2024, 2024-2025, 2025-2026 оқу жылдарына арналған жұмыс жоспары жасалып бекітілді.

Барлық бағыттар бойынша тәрбие жұмысында сынып сағаттары, дөңгелек үстел, әңгіме, кездесу, үйірме және секция жұмыстары, саяхаттар т.б. негізінде жүзеге асырылады.

Келесі бағыт оқушыларға ұлттық тәрбие беру.

Мақсаты: жеке тұлғаны ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтарға, мемлекеттік тілді, қазақ халқының, Қазақстан халқының мәдениетін құрметтеуге бағыттау. Ұлттық тәрбиеден нәр алған ұрпақ рухани құндылықтарды бойына сіңіріп, биік дәрежеге көтеріледі. Осы мақсатты жүзеге асыру үшін жоспарлы жұмыс атқарылды.

### Тәрбие бойынша оқушылардың жетістіктері туралы

Конкурс атауы	аудандық			Облыстық			Ескерту
	I	II	III	I	II	III	
Жас Ұлан жастар ұйымдарының топтары арасында «Жайдарлы Жас Ұлан» интеллектуалдық байқауы	1						«Жастар» командасы 2023 ж
«Тұғырлы Тәуелсіздік» онлайн байқауы онлайн байқауы				1			Сертификат 50000 тенге 2023 ж
«Абай мұрасы отбасымда» облыстық онлайн байқауы.			1				Диплом
«Ұшқыр ой алаңы» аудандық турнирі		1					«Пікір сайыс алаңы» қатысушы сертификаты, 2023 ж
"Бояулар құпиясы" жас суретшілер байқауы;			1				Сертификат 2023 ж
«Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында өткізілген «Үздік оқырман» байқауы							Алғыс хат Дулат Балнұр Алғыс хат Ермұхамет Гауһар

							2023
							2 қатысушы

### Аудандық спорт жарыстары бойынша нәтижелер

№	Секция	Орындар		
		2023-2024	2024-2025	2025-2026
1	Стритбол	III орын	II орын	III орын
2	Кросс	II орын	III орын	III орын
3	Мылтық ату	I орын	II орын	II орын
4	Шахмат	II орын	III орын	III орын
5	Тоғызқұмалақ	I орын	I орын	
6	Волейбол - қыздар	III орын	III орын	III орын
7	Волейбол - ұлдар	III орын	III орын	II орын
8	Теннис - қыздар	III орын	II орын	I орын
9	Теннис үстелі - ұлдар		III орын	II орын
10	Футбол 5-6 сыныптар			II орын
13	Асық ату, бес тас	III орын	III орын	III орын

### Аудандық спорт түрлері бойынша жарыстарының нәтижелері

Оқу жылдары	Волейбол	Футбол	Теннис	Тоғызқұмалақ
2023-2024	-	II орын	I орын	I орын
2024-2025	-	орын	I орын	II орын
2025-2026	II орын	II орын	I орын облыс II орын	-

### Оқушылардың спорттық жарыстарға қатысу нәтижелері

№	Жарыс тауы	Оқушылардың аты-жөні	Орны	Жылы	Жетекші	сынып
1	II лигалар спартакиада бағдарламасы бойынша тоғыз құмалақ жарысында	Ермұхамет Ахмет	I орын	2023	Е.М. Жанмуханбетов	10 сынып
2		Әділшін Мансур	I орын	2023		10 сынып
3		Шыңғысов Жандос	I орын	2023		9 сынып

4	XIX облыстық қысқы Гимназиадасы аясында қыздар арасында үстел теннисі	Мансурова Аяулым	II орын	2023	Е.М. Жанмуханбетов	5 сынып 7 сынып Қыздар
		Серікқали Айнара	II орын			
5	«Ұлттық мектеп лигасы» аясында ұйымдастырылған Волейбол ойынынан	Командалық	III орын	2023	Е.Е. Умурбеков а	9-11 сынып (ұлдар)
6	XVIII аудандық жазғы оқушылар спартакиада бағдарламасы бойынша жеңіл атлетика жарысында 800 м-ге жүгіруден	Ермек Еркебұлан	II орын	2023	Е.Е. Умурбекова	7-8 сынып (командалық) 2ұл, 1қыз.
		Ермұхамет Гауһар	I орын			
7	аудандық Ұлттық мектеп лига бағдарламасы бойынша волейбол жарысында	командалық (ұлдар)	II орын	2023	Е.Е. Умурбекова	9-11 сынып қыз
8	II лигалар спартакиада бағдарламасы бойынша футбол жарысында	Сайлаубеков Санжар	II орын	2023	Е.М. Жанмуханбетов	7-8 сынып (командалық) 2ұл
		Талғат Ильяс				
		Амангелді Маді				
		Серікқали				

		Жігер				
9	II лигалар спартакиада бағдарламасы бойынша футбол жарысында	Кабдыкарим Ақжан	II орын	2024	Е.М. Жанмуханбетов	5-6 сынып жекелей
		Серікқали Жігер	II орын	2024	Е.М. Жанмуханбетов	9-11 сынып жекелей
		Амангелді Мади	II орын	2024		
				2025		
10	XVIII аудандық жазғы оқушылар спартакиада бағдарламасы бойынша жеңіл атлетика жарысында 3000 м-ге жүгіруден	Амангелді Мади	I орын	2025	Е.М. Жанмуханбетов	7 сынып

2024–2025 оқу жылында тәрбие жұмысы «Біртұтас тәрбие» тұжырымдамасына сәйкес құрылып, бекітілген жылдық жоспарға сай кезең-кезеңімен жүргізілді. Жұмыс бағыттары – тұлғаның жан-жақты дамуына бағытталған: рухани-адамгершілік, отансүйгіштік, құқықтық, экологиялық, кәсіби, денсаулық сақтау, цифрлық мәдениет.

Мектептің тәрбие жұмысы – оқушылардың кеңестерін дамыту, этикетті тәрбиелеу, адамгершілік қасиеттерін жетілдіру және оларды білікті, адалдықпен біріктіру. Оқу орнының тәрбие жұмысы баланың тынымсыз дамуын қолданады, оның тәрбиесін алғаш рет түсінуін үйренеді. Өскелең жас ұрпақты рухани-адамгершілік қасиетке баулу, тәрбиелеу – барлық кезеңде өзекті. Тәрбие мен оқыту өзара тығыз байланысты, бір бірінен бөліп алуға болмайтын біртұтас процесс. Білім беру ұйымдарындағы тәрбие пән мазмұны, сынып сағаттарының және мектептен, сыныптан тыс қосымша білім беру мазмұны арқылы жүзеге асады.

2024-2025 оқу жылында тәрбие жұмысы «Біртұтас тәрбие бағдарламасы» негізінде құрылды. ""Біртұтас тәрбие" бағдарламасы – ұлттық, адами құндылықтарға негізделген. Бұл құжатта білім беру ұйымдарындағы тәрбие жұмысын толыққанды жүзеге асыру үшін білім алушылардың бойында қалыптастырылуы тиіс құндылықтар мен тәрбиенің мақсаты, міндеттері айқындалады.

«Біртұтас тәрбие бағдарламасының» мақсаты:

- Жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарды бойына сіңірген еңбекқор, адал, саналы, жасампаз азаматты тәрбиелеу.

Міндеттері:

- Ата-ананың өсиетін тыңдауға, отбасы татулығы мен берекесін қадірлеуге, перзенттік парызын өтеуге тәрбиелеу.
- Ұлттық мұраны қастерлеуге, қазақ тілін, мемлекеттік рәміздерді құрметтеуге, татулық, келісім, ынтымақ және ел бірлігін сақтауға, отаншылдық пен мемлекетшілдікке тәрбиелеу.
- Жақсылыққа, игілікке бой түзеуге, абыройлыболуға, ар-ұждан, намыс, жауапкершілік, мейірімділік, қамқорлық пен Ұсыным әділдік қасиеттерін жоғары ұстауға баулу және құқықтық мәдениетін қалыптастыру.
- Денсаулықты қадірлеуге, салауатты өмір салтын ұстануға, ойдың тазалығын және эмоционалды тұрақтылыққа баулу.
- Табиғатқа, табиғи мұраға ұқыптылықпен қарауға және табиғи ресурстарды үнемді әрі тиімді қолдануға тәрбиелеу және еңбекқорлыққа баулу.

2024 – 2025 оқу жылында Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің «Біртұтас тәрбие бағдарламасын» іске асырылды. «Біртұтас тәрбие бағдарламасын» негізге ала отырып 2024-2025 жаңа оқу жылының басталуына орай тәрбие бағыты бойынша педкеңес өткізілді. Педкеңес барысында қазіргі уақыттағы тәрбиенің беталысы мен құндылықтар жүйесін анықтап, талдау жұмыстары жүргізілді. Педагогтар топтық жұмыс бойынша, өзекті мәселелерді талдап, өз көзқарастарын ортаға салды. Тәрбие жұмысының жылдық жоспары құрылып және ата-аналарды педагогикалық қолдау орталығының құжаттары қарастырылып, сабақ кестесі, жоспары сынып жетекшілер отырысында талқыланып, бекітілді.

«Адамның үйлесімді дамуы ұлттық институты» КеАҚ Ғылыми-әдістемелік Кеңесі 2023 жылғы 15 тамыз 4 хаттамысымен бекітілген «Орта білім беру ұйымдарындағы балаларды тәрбиелеу мен дамыту жөніндегі ата-аналарға педагогикалық қолдау бойынша әдістемелік ұсынымдар» негізінде балаларды тәрбиелеу мен дамытуда ата-аналарға барынша педагогикалық қолдау көрсетілді. «Біртұтас тәрбие бағдарламасы» аясындағы «Бақытты ата-ана, бақытты бала» жалпы мектепшілік ата-аналар жиналысы өткізілді.

Май ЖОББМ 2024 – 2025 оқу жылында барлығы 61 оқушы. Мектеп бойынша себепсіз сабақ босатқан оқушылар анықталмады. 2024-2025 оқу жылының басында медбикемен, сынып жетекшілермен, педагог-психологпен, тәрбие ісі жөніндегі орынбасарымен, «Қамқоршылық» кеңесінің жұмысымен бірлесе отырып, әлеуметтік педагогтың жылдық жұмыс жоспары құрылды.

Қыркүйек – еңбекқорлық пен кәсіби дағдылар айы

Оқу жылының алғашқы айында оқушылардың мектепке бейімделуі, ішкі тәртіпке үйренуі, қауіпсіз мінез-құлық нормаларын меңгеруі басты назарда болды. 1 қыркүйек – Білім күніне орай салтанатты жиын, ту көтеру рәсімі және алғашқы сынып сағаттары өтті. «Кітап – жан азығы» челленджі оқуға деген қызығушылықты арттыруға бағытталды. Тілдер күніне арналған «Тілім менің – ғасырларға аманат» атты әдеби-танымдық кеш өтті. Есірткіге қарсы іс-шаралар, қауіпсіздік сабақтары, оқушылар мен ата-аналар арасында ескерту және алдын алу жұмыстары жүргізілді. «Аққу» және «Мирас» клубтарының жұмысы белсенді іске қосылды. Экологиялық жобалар мен «Таза жұма» акциясы арқылы оқушылар еңбекке және табиғатты аялауға баулынды. қыркүйек күні Астана уақытымен сағат 12.00-де дене белсенділігін арттыру мақсатында республиканың барлық өңірінде аталмыш «FIZKULTMINUTKA» челленджі өткізілді. Мектебіміздің 1-10 сынып оқушылары қатысып, бірінғай спорттық жаттығулар кешенін орындады.

Еңбек күні қарсаңында «Адам азамат-адал еңбек» флешмобы өтті. «ТӨРТ ТОҚСАН – ТӨРТ ӨНЕР», ҰЛТТЫҚ МӘДЕНИ – АҒАРТУШЫЛЫҚ ЖОБАНЫҢ аясында «Айтыс – құдіретті өнер» атты тақырыбында сынып сағаттар өткізілді.

Қыркүйек айында аға тәлімгер Умурбекова Евгения Ескалиевнаның ұйымдастыруымен мектеп Парламентінің Президентін сайлау өткізілді. Мектеп Президентіне 10 үміткер қатысты.

Сайлау қорытындысы бойынша көп дауыс жинаған 10-сынып оқушысы Ермұхамбет Гаухар сайланды.

Қазан – тәуелсіздік пен отансүйгіштік айы

Мемлекеттік мерекелерге, ұлттық рухты қалыптастыруға бағытталған іс-шаралар өткізілді. Қарттар күні мен Мұғалімдер күніне арналған кездесулер мен құрмет кештері өтті. Мұғалімдер күніне арналған «Дублер күні» мектепте білім алушылардың өзін –өзі басқару күні өткізілді. Жоғары сынып оқушылары мектеп мұғалімдерін тосын сый жасап, төл мерекелерімен құттықтады. Іс шараға ардагер ұстаздар, ауыл әкімі, қамқоршылық кеңес мүшелелері шақырылды.

1-қазан «Қарттар күні» мерекесіне орай мектеп оқушылары «Қарттарын қадірлеген ел ардақты» атты құттықтау бейнеролигін жасады.

Республика күніне арналған «Менің Қазақстаным» тақырыбында сынып сағаттары ұйымдастырылды. «Адал ұрпақ» клубы облыстық слетке қатысты. Патриоттық әндер сайысы, гимн орындау, әскери-патриоттық бағыттағы флешмобтар өтті. Жалпы іс шара саны-10. Қамтылған адамдар саны- 8.

Қауіпсіздік бойынша 10 минуттық сабақтар жүйелі түрде жүргізіліп отырды. Мектепте оқушылармен әр тоқсан сайын эвакуация жаттығулары жүргізілді. Эвакуация уақыты-5 минуттан аспады.

Қараша – әділдік пен жауапкершілік айы

Мақсаты – тұлғаның заңға, тәртіпке және моральға сай қалыптасуын қамтамасыз ету. «Менің құқықтарым мен міндеттерім» тақырыбындағы сынып сағаттары өтті. Буллинг пен кибербуллингтің алдын алу тақырыптары көтерілді. Дәрістерге ПБ учаскелік инспекторлары шақырылды.

«Жайдарлы жас ұлан» КВН форматындағы командалық байқау ұйымдастырылды. «Smart Bala», «Қамқор», «Адал жүрек» жобалары арқылы волонтерлік, зияткерлік, шығармашылық қабілеттер дамытылды. Оқушылар экологиялық және әлеуметтік акцияларға белсене қатысты. Ауқымды экологиялық акциялар саны-2.

Мектепте «Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында жылдық іс-шаралар жоспары құрылды. Құрылған жоспар аясында іс-шаралар өткізілді. Жобаға ата-аналар, оқушылар қатысады. Сынып кабинеттерінде кітап оқу бұрыштары құрылды. Әр сәрсенбі күні "Оқуға құштар" 10 минуттік оқулар жүйелі түрде өткізілді. Осы жобаның аясында аудандық 'BlookSlam' әдебиеттік конкурсы өткізіліп, мектеп оқушысы Әбіш Риза 3 орынға иеленді.

Желтоқсан – бірлік пен ынтымақ айы

Мемлекеттік мерекелер мен жалпыадамзаттық құндылықтарды дәріптейтін іс-шаралар өткізілді. Тәуелсіздік күніне арналған әдеби кештер, сынып сағаттары, «Рәміздер туралы не білемін?» викторинасы ұйымдастырылды. «Жетістігімді еліме арнаймын» челленджі өтті. Қауіпсіздік тақырыбындағы алдын алу сабақтары жалғасын тапты. ЭКОboom жобасы аясында қайырымдылық, қоршаған ортаға қамқорлық бағытындағы акциялар өтті. Мектеп бойынша ЭКОboom жобасы аясында қалаға 2000 қрышка тапсырылды.

Оқу –ағарту министрлігі мектептердегі әлеуметтік –эмоционалдық ахуалды жақсарту мақсатында «ДОСБОЛЛІКЕ» Республикалық акциясын бастады. Май ЖОББМ оқушылары «ДосболLike:Достық қолын ұсын» акциясына қосылды. Акция арасында мектеп Парламенті мектеп оқушылары,мұғалімдер, ата-аналар және бастауыш сынып оқушыларының қарым-қатынасын нығайту, қолайлы жағдай жасау мақсатында «ДосболLike:Достық қолын ұсын»акциясын өткізді.

Акция аясында «Достық –біздің тірегіміз» атты тәрбие сағаттары, 5-7 сынып оқушылармен «Спорттағы достық» бағыты бойынша баскетболдан жарыс өткізілді. Мектебімізде «ДосболLike: достық қолын ұсын» акция аясында мұғалімдер, ата-аналар мен оқушылар арасында волейбол жарысы өткізілді. Жалпы қатысқан саны- 42 адам (4 команда-36 адам, төрешілер, комиссия мүшелері).

Мектепішілік ата-аналар жиналысы өткізіліп, бірінші бөлімі "Ашық алаң", екінші бөлімі балалар қауіпсіздігі, оқу үлгерімі бойынша өтті. Жалпы қатысқан ата-ана саны-38. Ата-аналардан түскен сұрақтар бойынша толық жауап берілді. Ұсыныстары қабылданды.

Қаңтар – заң мен тәртіп айы

Қысқы демалыстан кейінгі бейімделу кезеңінде құқықтық тәрбие мен әлеуметтік сауаттылыққа басымдық берілді. «Мамандықтар марафоны» өтті – кәсіптік бағдар беру. Кәсіптік бағдар беру мақсатында Ақсу қаласының металлургиялық колледжінің ұстаздары 9-11 сыныптарға дәріс өткізді. Қамтылған бала саны- 20.

Құқықтық сағаттарда балалар мен жасөспірімдердің құқықтары мен міндеттері кеңінен талқыланды. «Жеткіншектің жеті жарғысы», «Сыбайлас жемқорлық картасы» жобалары жүзеге асырылды.

Ақпан – жаңашылдық пен жасампаздық айы

Оқушылардың шығармашылығы, өзін-өзі бағалау дағдылары, әлеуметпен байланысы нығайтылды. «Шын жүректен кітап сыйла!» акциясы арқылы оқуға қызығушылық артты. Суицидтің алдын алу, кибербуллинг, қауіпсіз интернет тақырыбында психологпен сабақтар өткізілді. «Аққу» және «Мирас» клубтары тәрбие сағаттарын өткізді.

Наурыз – ұлттық құндылықтар айы

1 наурыз – Алғыс айту күні: «Рахмет» челленджі өтті. 8 наурыз – Халықаралық әйелдер күніне арналған концерттік бағдарлама өтті. Наурыз мейрамы – ұлттық салт-дәстүрге негізделген көрмелер, ойындар мен тағам жәрмеңкелері ұйымдастырылды. Оқушылардың ұлттық болмысты түсінуі мен құрметтеуі қалыптасты.

Сәуір – еңбек және шығармашылық айы

«Туған өлкем», «Төрт тоқсан – төрт өнер» жобалары іске асты. Дебат турнирлері, мектеп театр қойылымдары өтті. Апталық кітап көрмелері, оқу марафондары ұйымдастырылды. Сонымен қатар, Май ОМ мектебінде 5 жоба іске асырылды «Ұшқыр ой алаңы», «Балалар кітапханасы», «Шабыт», «Қамқор», «Еңбегі адал жас өрен».

Май ЖОББМ 2025 – 2026 оқу жылында барлығы 54 оқушы. Мектеп бойынша себепсіз сабақ босатқан оқушылар анықталмады.

2025 – 2026 оқу жылында Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің «Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасын іске асырылды. «Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасын негізге ала отырып 2025-2026 жаңа оқу жылының басталуына орай тәрбие бағыты бойынша педкеңес өткізілді. Педкеңес барысында қазіргі уақыттағы тәрбиенің беталысы мен құндылықтар жүйесін анықтап, талдау жұмыстары жүргізілді. Педагогтар топтық жұмыс бойынша, өзекті мәселелерді талдап, өз көзқарастарын ортаға салды. Тәрбие жұмысының жылдық жоспары құрылып және ата-аналарды педагогикалық қолдау орталығының құжаттары қарастырылып, сабақ кестесі, жоспары сынып жетекшілер отырысында талқыланып, бекітілді.

## Жетім /ААҚҚ / оқушыларының мониторингісі

Май ЖОББМ де жетім және ата-ана қамқорлығынсыз қалған оқушы жоқ.

### Мектепшілік бақылау жоспарында тәрбие аспектілеріне сай жұмыстар қорытындысы.

2025-2026 оқу жылы бойынша мектепшілік жоспар құрылды. «Адал Азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасын іске асыру бойынша Мемлекеттік құзырлы органдармен бірлескен құжаттардың басшылыққа алынуы бойынша құжаттардың бірыңғай талаптарға сәйкестігін назарда ұстау мақсатында жұмыстар жасалып жатыр. «Адал Азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасын іске асыруда балалардың жас ерекшелігін ескере отырып ұйымдастыру тәрбие жұмысының басымдықтарын және сапасын анықтау. 2025-2026 оқу жылына сынып жетекшілердің тәрбие жұмысын жоспарлау сапасы құжаттардың бірыңғай талаптарға сәйкестігін назарда ұстау.

### Ұсыныстар:

Тәрбие жұмысын жүйелендіру: Мектепте тәрбие жұмыстарын жоспарлау кезінде жалпы біртұтас концепцияны ұстану, яғни ұлттық құндылықтар мен мәдени мұраларды ескере отырып, заманауи әдістемелерді қолдану. Бұл оқушыларды рухани және мәдени тұрғыдан байытуға мүмкіндік береді. Ата-аналармен тығыз байланыс: Ата-аналарды тәрбие жұмысында белсенді қатыстыру. Оларды тәрбие процесіне тарту арқылы оқушыларға мектеп пен отбасы арасындағы байланыс мықты екендігін көрсету.

Оқушылардың тәртібін бақылау: Тәрбие жұмыстарында психологиялық кеңес беру қызметін күшейтіп, әр оқушының мінез-құлық өзгерістерін бақылау. Бұл оқушылар арасындағы қақтығыстарды азайтып, мектептегі жалпы тәртіпті нығайтады.

Цифрлық технологияларды қолдану: Тәрбие шараларында цифрлық платформаларды, интерактивті әдістерді қолдану. Бұл қазіргі заман талабына сай болып, оқушылардың қызығушылығын арттырады.

### Кемшіліктер:

Ата-аналармен жеткіліксіз байланыс: Кейбір сыныптарда ата-аналардың мектепке келу байланыс жеткіліксіз, бұл оқушылардың тәрбиесіне кері әсер етуі мүмкін. Ата-аналарды тұрақты ақпараттандырып, кеңестер ұйымдастыру ұсынылады.

## Қорытынды

Өзін-өзі бағалау материалдарының қорытынды талдауы «Май жалпы орта білім беру мектебі» КММ-нің бағаланатын кезеңдегі барлық бағыттар бойынша қызметін көрсететін бөлімдер бойынша жасалды. Мектептің өзін-өзі бағалау жөніндегі аттестаттау комиссиясы педагогикалық ұжымның оқу-тәрбие және ғылыми-әдістемелік жұмысының нәтижелілігіне терең өзіндік талдау жүргізді. Өзін-өзі бағалау материалдарына сараптама жүргізе отырып, «Май жалпы орта білім беру мектебі» КММ-нің сараптау комиссиясы:

1. Оқу - тәрбие процесі мен әдістемелік жұмыс ҚР Білім беру мекемелерінің қызметін регламенттейтін нормативтік-құқықтық актілердің талаптарына, мектеп Жарғысына, жергілікті актілерге сәйкес жүзеге асырылған. Оқу-тәрбие процесі ҚР МЖМБС және оқу жоспарына сәйкес ұйымдастырылған;

2. Білім беру ұйымының басшысы бекіткен оқу жұмыс жоспарлары, сабақ кестелері Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығымен бекітілген бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің МЖМБС талаптары мен үлгілік оқу жоспарларына сәйкес және қолда бар) бағаланатын кезеңдегі оқу жұмыс жоспарлары мен сабақ кестесінің көшірмелері қоса берілген;

3. Инвариантты компонент, вариативті компонент және таңдау бойынша курстардың жалпы білім беретін пәндерінің базалық мазмұнын игеру Қазақстан Республикасы Білім және ғылым Министрінің бұйрықтарымен бекітілген жалпы білім беретін пәндер, вариативті компонент пәндері бойынша үлгілік оқу бағдарламаларына сәйкес жүзеге асырылған;

4. Бастауыш білім берудің жаңартылған мазмұны бойынша білім алушылардың оқу жүктемесінің ең жоғары көлеміне қойылатын талаптар сақталады және оқу жүктемесінің жалпы көлеміне сәйкес келеді;

5. Қалыптастырушы және жиынтық бағалаудың талаптары сақталады

6. Педагогикалық ұжым тұрақты, білікті. Курстық қайта даярлаудың перспективалық жоспары бар және іске асырылуда. Педагогикалық шеберлікті арттыру бойынша үлкен әдістемелік жұмыс жүргізілуде;

7. Тәрбие жұмысын іске асыру білім алушылардың субъективті жаңа білімді білуі мен игеруі мәселелерін шешуге, ұлттық дәстүрлерді, мәдениетті зерделеуге және жалпыадамзаттық құндылықтарды сіңіруге бағытталған, білім алушылардың рухани адамгершілік, азаматтық патриоттық, көркемдік-эстетикалық, еңбек және дене тәрбиесін іске асыруды қамтамасыз ететін жиынтығында сабақтан тыс қызметтің әртүрлі нысандарын ұйымдастыру арқылы іске асырылады;

8. Вариативті компонентті таңдау бойынша курстарды және факультативтерді іске асыру сәйкес жүзеге асырылады;

9. «Өмір қауіпсіздігі негіздері» және «Жолда жүру ережелері» міндетті оқу курстарын зерделеу нұсқаулық-әдістемелік хаттарға сәйкес оқу бағдарламалары негізінде жүргізіледі;

10. Ақпараттық кітапханалық қамтамасыз ету облыстық бюджет есебінен жүзеге асырылады. Жаңа буын оқулықтарының түсуі есебінен кітап қорының ұлғаюы серпіні байқалады. Оқушылар оқу және энциклопедиялық әдебиеттермен қамтамасыз етілген;

11. Білім алушыларға медициналық қызмет көрсетудің болуы орындалады. Медициналық қызмет көрсетуді жүзеге асырады;

12. Білім алушылар үшін тамақтану объектісінің болуы орындалады. Мектепте асхана, ыстық тамақ дайындауға қажетті жабдықтары бар ас үй, халықтың әлеуметтік қорғалмаған топтарынан білім алушылардың мәртебесін құжатпен растаған және жергілікті бюджет есебінен тегін негізді қамқорлыққа алынған білім алушылардың тамақтануы ұйымдастырылған;

13. Өзінің оқу-материалдық базасының болуы;

14. Сыныптар бойынша оқу мерзімі, оқу жылының ұзақтығы және оқу жылындағы демалыс уақытының ұзақтығы ҚР Оқу-ағарту министрлігінің бұйрықтарына сәйкес келеді деген баға берді.

ҚР Білім және ғылым министрінің бұйрығының барлық өлшемдері бойынша мектептің 2023-2026 оқу жылындағы жұмысын талдағаннан кейін, ҚР Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 5 желтоқсандағы «Білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттарын бекіту туралы» № 486 бұйрығының негізінде білім беру ұйымдарын мемлекеттік аттестаттау шеңберінде жоғарыда атап көрсетілген комиссия мүшелері білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттарының қосымшаларына сәйкес Май ЖОББМ білім беру қызметіне қойылатын біліктілік талаптарды, вариативті компонент пен үйірме жұмысын ескере отырып, мектепке дейінгі, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің базалық деңгейлері дұрыс толығымен орындалғаны туралы «жақсы» деген баға берді.

Өзін-өзі бағалау қорытындысын Комиссия 2025 жылғы 22 қыркүйекте жоспардан тыс педагогикалық кеңестің отырысында қарады және білім беру процесінің барлық қатысушыларының назарына жеткізілді.

Өзін-өзі бағалау қорытындысы қамқоршылық кеңестің отырысында, басшының өзін-өзі бағалау нәтижелері туралы баяндамасында қаралды.

**Комиссия төрайымы:**



Нургожина А.О.  
(Т.А.Ә)

  
(КОЛЫ)

**Комиссия мүшелері:**


Ильязова А.С.  
(Т.А.Ә)

  
(КОЛЫ)


Касимова Ж.Т.  
(Т.А.Ә)

  
(КОЛЫ)


Рахимбекова Ж.К.  
(Т.А.Ә)

  
(КОЛЫ)


Тусупбаев М.И.  
(Т.А.Ә)

  
(КОЛЫ)

Жанакова Г.Е.  
(Т.А.Ә)

  
(КОЛЫ)

Егинбаева М.С.  
(Т.А.Ә)

  
(КОЛЫ)